

Мүсілім Құмарбек. Ақмоншак

(Хикаят)

- Құдай-ау, көрсетпегенің осы ма еді? Өлді-ау байғұс бала, өлді, «байдың мыңын көрмей, кедейдің бірін көреді» деген осы-ау. Қарашы, топ баланың ішінен қу жалғызды тапқанын көрмейсің бе? Жамандатқыр, арам қатып, сүйегінді қасқыр кемірсін! Құдай тілеуімді беріп, пышаққа ілінсең, бір түйіріңді ауызға алмасқа ант етемін! - деп зар еңіреген дауыс даладан естілгенде еден сыпыруға сыпырғышын қолына ала берген Айша кемпір басын көтеріп тыңдай қалды да ел аман жұрт тынышта от алып қопаға түсіп жүретін желөкпе Шәмшә көршісінің дауысын танып, "бұ байғұсқа не болып қалды" деген үреймен далаға ұмылды. Есікте удар-дудары шыққан Шәмшә қарсы жолығып, жылап қоя берді.

Айша Шәмшәнің күліп отырып жылап, жылап отырып күле салатын ойнамалы мінезін жақсы білгенімен, бұл жолғысы тосындау көрінгендіктен сасқалақтап шегіншектей берді.

- Құдайы көрші-ау, өлді ғой қу жалғыз, өлді! - деп егіле жөнелген Шәмшәні иығынан қос қолдай ұстап, сәл итеріңкіреп:

- Не болғанын дұрыстап айтшы, - деді сабырлы қалпын сақтап.

- Не болушы еді, өлтірдіңдер қу жалғызды... – Шәмшә көршісін түтіп жердей шақырая қарағанда шошығаннан жүзін тайдырып:

- Астапыралла! Біз өлтірдік пе? Кімді, жарқыным?! – деген Айшаның көзі атыздай болды.

- Менің жалғыз ұлым - Ақтайды! – Долырған көршісі оның кеңірдегіне жабыса кететіндей болған соң:

- Ол жаңа ғана Алмашпен ойнап жүр емес пе еді. Алмаш қайда?... - Шәмшәні кеудесінен итеріп тастаған Айша алақұйын көңілдің жетегінде оқыс бірдеңе болғанына шүбәсі болмай далаға жүгіре жөнелді.

Осы кезде төргі бөлменің есігі шикылдай ашылып, арғы жағынан сақалы белуарына түскен, қызыл шырайлы, зор денелі шал шығып келе жатты. Шәмшә далаға аптығып алып-ұшқан Айшаның соңынан шығар-шықпасын білмегендей аңтарыла дағдарып қалғанда:

- Жә, аптықпай не болғанын айтшы? – деді, ақ сақалды қарт жағымды қоңыр дауыспен сабырлы қалпында. Байсалды шалдың жайбарақат сөзі Шәмшәнің де алып-ұшқан жүрегін орнықтырып, қалпына келтірген тәрізді.

- Сіздің тайыңыз теуіп, баламды өлтіріп қойды.

Ол қайтадан орамалмен бетін басып өкси бастады.

- Ә?! Не дейді?! - Қарттың құлағы жап-жақсы естіп тұрса да танданыспен қайталай сұрады.

- Оны жаңа әкесі дәрігерге әкетіпті. Жалғызым-ай...

Шәмшә дауыс шығарып шөкелей кеткенде сасқалақтаған қарт:

- Өй, қарағым, мұның не, қой, жаман ырымды бастамай, - деді сүйемелдей орнынан тұрғызып. - Не болғанын көзіңмен көрдің бе, жөндеп айтшы?

- Қараң қалғыр, сол үйде басым қалғандай... Бірдеңе боларын сезгендей жүрегім өрепкіп аузыма тығылған соң далаға шығып едім Ақтай балалардың ішінен көзіме шалына қоймады. Жүгіріп барсам, тай тепкен баламды әкесі дәрігерге әкетіпті...

- «Өлді» дегенді қайдан шығарып жүрсің?

Шал қатқыл дауыстады.

- Өзі дімкәс бала тай тепкенде тірі қалады деп ойлайсыз ба, түртіп қалса құлайын деп тұрған бала өлді ғой, өлді! Тірі болса дәрігерге неге әкетеді... Өлген малға да акті жасайды, оның жанында баласы емес пе?

Сарнаған Шәмшәнің дауысы құлағын тесіп, жүрегін шымшылаған соң:

- Өй, жағыңа жылан жұмыртқалағыр, кет, жоғал көзіме көрінбей! - деп қарт ақырып қалды, сермеген қолы таяқ болып тиетіндей жасқанған әйел сып етіп шығып, лып еткізіп есікті жаба қойды.

Қарт далаға шыққанда бүкеңдеп үйіне қарай бара жатқан долы әйелдің сөзі анық естіліп тұрды. "Тоқанның иті қабады, Ғазездің текесі сүзеді» деп жүргенде олары аздай мына қасқыр жегір тайдың қосылғанын қарашы. Иләһи пышаққа ілінсін" деген Шәмшә артына бір қарады да өз үйіне кіріп кетті.

"Апыр-ау, бұл тайға не көрінді? Балалар жан-жағынан қаумалап, сипалап бірдеңелерін беріп жақанда былқ етпей әрқайсысын бір искелеп тұра беретін жануардың бұл не қылғы, түсінсем бұйырмсын. Жұмаш неге маған әңгір таяқ ойнатпай, ауруханаға шаба жөнелді, соған қарағанда баласына қатерлі бірдеңе болған-ау шамасы" деген оймен жан-жағына көз жіберді,

Ауылды басына көтеріп дүрліктірген әйел үйге кіріп кетіп еді, баяғы жым-жырттығына бақты. Қойтасардың баурайын күргелей қоныстаған тоқал тамдар тынышыққа еті үйренгендей мүлгіп кеткен, мыжырайған мұржаларынан сыздықтап көтерілетін көк түтін де жазғы демалысқа шыққан, күздің қара суығында шаңыраққа жылылық беріп қайта оралғанша ешкім назар аудармайды. Қымыздықсай жақтан балалардың шулап, күлген дауыстары естіледі.

Үйінен жүгіре шыққан Ақтай, жаңа ғана шешесі «өлді» деген бала, бірдеңеден құр қалғандай Қымыздықсайда жүрген балаларға қарай зымырап бара жатыр еді, қарттың дауысын естіп мойнын бұрды. Шақырып қол бұлғаған қартқа сыртқа шығармаса да ішетей балалар арасында кең тараған балағат сөзді арнап жібергенімен шалдың қасына имене жақындады,

- Ассалаумағалейкум, ата,- деді ол.

- Уағалейкүміссәлем, таудай жігіт бол, балам. Сені қай жеріңнен тай тепті?

- Тай тепкен жоқ, сүзіп алды.

- Өй, енеңді... Ол сүзетін бұқа ма екен.- Қарт кеңкілдей күлді. Қызарақтаған бала:

- Ол мені теуіп құлатқан жоқ, басымен құлатты, сүзгені емес пе? - деп өзінің сөзін дәлелдеуге тырысты. Қарт оның басынан сипап:

- Осы жасқа келгенше "сүзеген" жылқы болатынын бірінші рет сенен естіп

тұрмын, - деп рахаттана күлді.

- Ақмоншақ Алмашты ит сияқты қорғаштайды.

- Әй, ұлым, жап-жақсы жылқыны "ит сияқты" демеші, бір түрлі құлаққа түрпідей естіледі екен, - деді қарт басын шайқап.

- Ата, ол Алмашты қатты қызғанды. Біз қайтер екен деп Алмаштың жанына барып, жұлқылай бастасақ құлағын жымырып, жанымызға жетіп келеді. Жер тарпып сес көрсеткенде тұра қашамыз, ол қумайды, жөніне кетіп, шөп басын шалып тұрғаны. Қант көрсетсек қай баланың қолынан болсын алады. Алмаш Ақмоншаққа: "Тәтті сыйлаған балаға ілтифатың қайда? -" десе сол балаға мойнын бұрып басын изеп құрметін білдіреді. Сондай ақылды жануар. - Бала өзінің атындай-ақ мақтана сөйледі.

- Онда сені неге "сүзіп" жүр, - деп көңілі жайланған қарт оған күле сөйледі.

- Мен қайтер екен деп Алмаштың қуыршағын ала қашып едім, тайдың басына соғылып құладым...

- Тепкеннен құлаған жоқсың ба? - Шал қайталай сұрады.

- "Тепкеніңіз" не, тайдың бауырынан балалар өтіп жатқанда қозғалмайды. Байқамай баланың бір жерін басып кетсе оңдырмайынын сезетіндей тыпыр етпейді.

- "Тепті" дегенді кім шығарып жүр, сені дәрігерге неге апарды? – Шал естігеніне сенбегендей баланы бауырына тартты.

- Жауырыныма шиқан шығып, түнде ұйықтай алмағанмын, сол үшін әкем дәрігерге алып барды. Ешкімді ат тепкен жоқ, оны кім айтқанын білмеймін.

Бала өтірік айтқамын жоқ дегендей қартқа жәудірей қарап, басын шайқады. одан кейін есіне бірдеңе түскендей сөзін жалғасырды:

- Менің жығылғанымды ат тепті деп балалардың бірі шешеме айтқан шығар... Ол кісі естісе... Білесіз бе, ата...

- Білем, білем, бар, ойнай бер, - деді қарт қолын сермелеп. - Долы көзінен сиеді деген рас-ау. Со ғұрша долданатындай мұның шешесіне не жеткен? Баласы тіпті де ақымақ емес, сайрап тұр. Мынау баяғы "отыз жеті" болса талайдың басына су құятынның өзі ғой.

Жылдар ізі жасырып, санасында көмескі тартып өше бастағанына қарамастан «баланы ат тепті» дегенде сол бір оқиға есіне түсті.

Ауылда күйеуі еңбек армиясында (Майданда соғысуға жасы асып кекен қарттарды "трудармия" деп шахталарда жұмыс істеуге әкететін) қайтыс болған Нұрғаным деген әйел бар еді. Соның қызы күйеуін менсінбей үйіне қайтып келеді.

Соғыс жылдарында ақсақ-тоқсақ демей мүгедек байға тигендер, соғыс аяқталар шақта жігіттер көбейіп, бұрынғыларын менсінбеуге айналған. Соның бірі - Нұрғанымның Үміт деген қызы.

Нұрғаным қызына: "Мына заманда байдан айрылысқаның не, осы уақытқа дейін қолыңды жылы суға малып отырды. Аяғы жоқ болса да аяғы барлардан артық табыс табады. Не ішем, не кием деп жүрген сорлы емессің, қайт үйіңе," -

дейді. "Қайтпаймын!"- дейді қыз. "Қайтпасаң, бұл үйден кет, «шыққан қыз шиден әрі» деген, менің басымды қатырмай, өз жөніңді тап, Ермағім аман болсын!" - дегенін естіп тұрғандай есіктен асыға кірген бала:

"Ермектің аяғы сынып қалды" – деді сүйінші сұрағандай аптыға сөйлеп.

- Не дейді? Қалайша? Ермектің аяғы?" - деп кемпір шошына қарағанда:

- "Стәлін" теуіп жіберді, - деді бала ұртын томпитып.

Сталин атындағы ұжымшардан бір жылқы әкелінген. Оған ешкім ат қоялық деп әуре болған жоқ, "Сталин колхозынан әкелінген" деп жүрді де "Стәлін" аталып кетті. Сол аттың тепкенін естіген кемпір:

- Адыра қалғыр "Стәлін", мен сенің кеңірдегіңе қада қағып, қарныңа қара пышақ қадап өлтірем! - деп кіжінеді.

Кектеніп отырған қыз шешесінің айтқанын ауылдық кеңеске шып-шырғасын шығармай жазып береді. Жетпістен асқан кемпірді саяси тұтқын ретінде ауданға алып кеткен, содан қайтып оралмады. Ұжымшардың бастығы жылқыға көсемнің атын қойғызғаны үшін, орнынан алынды, қалай сотталмай қалғанын ешкім білмеді. «Стәлін» жылқы із-тозсыз жоғалды. Адам жоғалып жатқан заманда жылқыны кім іздесін.

Алғашында кейбір көршілері Үміттен: "Шешеннен хабар бар ма?"- деп сұрағанда: "Мен одан хабар күтіп жүр деп кім айтты саған? Ұлы көсемге тіл тигізіп несі бар еді. Тартсын енді жазасын, өзіне де обал жоқ!" деп қатқыл жауап берген Нұрғанымың қатын-қызынан түңілген жұрт онымен араластықтарын да азайтып, мүлде көзге ілмеуге айналды. Таз ашуын тырналап алады дегендей "Тумай жатып әкенді жұтқан жалмауыз" деп Үміт Ермекті төпештеп алатын. Қуалай берсе қоян да батыр болады деген емес пе, ақыры Ермектің де тілі шығып: "Әкемді ақ ажалымен алланың өзі алды, шешемді сен тірідей жұттың ғой" - дегенде шыдай алмай оны да үйден қуып жіберді. Жамағайнын паналаған баланы ауыл ақсақалдары интернатқа орналастырды.

Бұдан соң Үміттің айналасындағы көршілері мүлде жатсынып, "сіз" деп сөйлеуге көшкенде ғана сұлу келіншектің бұрынғы нұрлы жүзі солғын тартып, кірбің көлеңкенің іздері бетін шиырлай бастады. Балға үймелеген шыбындай сұлу келіншектің жанынан табылатын жігіт-желен де ғайып болған. Ауылда «жетім шал» атанып кеткен қарт бар еді, оның өз Үмітті көргенде салқыны тиер сайтанды көргендей «пісімілләсін» қайта-қайта күбірлеп, оның жанынан қашық кетуге тырысатын.

Нұрғанымнан қалған жалғыз сиырын қасқыр жеп, көршісінен шайлық сүт сұрап баруға дәті жетпеген кезде Үміт жақсы ит өлімтігін көрсетпейді деп, ауылдан жоқ болды. Көшіп кетті ме, қашып кетті ме, оны анықтайын деген ешкім жоқ.

"Е-е, тән сұлулығы жан сұлулығымен жарасым таппаса адамгершілігі қалыптаспай, сары даланың сағымындай құр елес болып өте шығады екен ғой», - деп күрсініп қойды қарт. - Өзімізге өзіміз жау болған ол да бір заман екен. Қазақтың халық саны өспейді деп шулайды, түге. Жау шаппай-ақ бір-бірімізге

ши жүгіртіп, аяқтан шалып құлатып, құртып жүргенмізді мақтан тұтып, аты-жөнімізді жазып, мақтаған қатырма қағаз алсақ тарихта мәңгі қалатындай «өкіметке сіңірген еңбегім үшін» деп дандайсып шыға келетін даурықпа даңғойлығымызды бетке басар ешкім жоқ-ау. Қайта бақас, бақталастар арамызда арам шөптей қаулап келе жақанда текті тұқымың қайдан көбейсін, той-думанның шарапты шалқымасында пайда болып, шу-шұрқанда дүниеге келген пақырлар құлқынын ғана ойлайды. Бұлар министр болса да тойымсыз құлқынын тойдыра алмай тексізден жаралғанын көрсетіп қояды.. «Құм жиылып тас болмас, құл жиылып бас болмас» дегенді қазақ соларға қарап айтқан-ау. Астапыралла, мен не ойлап кеттім... Ел іші тыныш болсын, "мың күн жұмақтан бір күнгі тірлік артық" дейтін қазекем жұмаққа асыға қоймағаны қу тірліктің қамы ғой. Сол тірліктің құны қанша, біз оны өтедік пе? Адам қартайған соң неше түрліні ойлайды екен ғой. Жанға қуат берген құдайға тәубе, тәубе жасаған, тәубе, - деп іштей шүкіршілік еткен Хамза орнынан қозғалып үй сыртындағы текше тасқа қарай аяндады.

Қорадан тауықтың жұмырқаларын етегіне салып шыққан кемпірі:

- Алмаштың атасы, қайда барасың, мен қазір шәй қояйын, - деді соңынан дауыстап.

- Қарашы, сенің дауысың жетпейтін жерге кетіп қалсам деп едім, үлгірмедім, - деп кемпіріне күле қарады. - Апар андағы жұмыртқанды, анадағыдай шоңқаң ете түсіп дүниені жат қылып жүрерсің..

- Сынса өзіміздікі, осы жұмыртқа үшін сен орныңнан түсіп сотала жаздағаның есінде ме? – Айша өткен жылдарды еске алып күле тіл қатты.

Хамза алғаш ұжымшардың бастығы болған кезде балалары, немесе күйеулері майдан даласынан қайтпаған кемпір-шалдар мен жесірлердің тым нашар тұрмыс жағдайына қарап жеңілдетілген салық салынсын деп анықтама жазып берген. Ол кезде бір тауыққа тоқсан жұмыртқа, бір сиырға тоғыз келі сарымай салық салынатын. Сиырың туса күзде бұзауын ет салығына алатын. Бірнеше ұжымшар бір ғана Ауылдық Кеңеске бағынатын. Бес саусақ бірдей емес, Хамзаның жанашырлығын өкіметке зиянкестік жасап, өзінің «туған-туыстарын» салықтан құтқарып отыр деп Ауылдық Кеңеске жазып жібереді. Олар келіп тексеріс жүргізе бастады, ел ішінде сталиндік репрессияның әлі де тоқтала қоймаған кезі. Соғыстан аман оралған бірқатар ұжымшардың басшылары қызыл қырман кезінде ысырап жасағаны үшін, қыста жемшөп жетпей мал шығыны болғанда халық шаруашылығының «зиянкестері» ретінде сотталып жатқан.

Хамзаға да сондай хауіп төнген кезде Кеңестер одағы үлкен қайғыға тап болды. Ұлы Сталин дүниеден өтті. Халықтың Сталинге сенгендігі сондай, бұдан кейінгі өміріміз қалай, не болады деп қатты қайғырды. Ақыры Сталин ұлы көсем Лениннің қасынан мовзелейден орын алған соң КПСС орталық комитетінің бас хатшысы болып Г.М.Маленков тағайындалды. Ол ауыл шаруашылығындағы жекеменшікке салынатын салықтың бәрін жойды.

Сонымен Хамзаның үстінен жазылған шағым жайына қалды. Оның үстіне халықтың әл-ауқатына байланысты жыл сайын көктемге қарай тауарлар арзандатылып сатылды. Жұртшылық көктемді асыға күтетін, бірақ бұл ұзаққа бармады.

ССРО сахнасына жүгерісін сүйретіп Н.С. Хрущев келген соң жеңілдік жасау тоқтатылды. Соғыс кезіндегідей түн ортасынан нанның кезегіне тұру басталды.

Кемпір соны айтып, Хамзаның есіне салған.

- Аштықта жеген құйқаның дәмі ауыздан кепейді деуші еді, сол күндердегі жоқшылықты ойлап отырсың ба, кемпір? – Шал күле сөйледі.

- Әй, шал-ай, жоқшылықты кім сағынушы еді... Ол кезде біз қылшылдаған жас болдық қой. – Кемпір жеңіл ғана күрсінді.

Жастық шақтың оралмасқа кеткенін ойлаған қарт оған ешқандай дауа болмайтынына сенген көңілмен ойнақы қалыпқа көшіп:

- Шынында сен жас болдың ба? – Кемпірінің қыз болғанына сенбегендей таңдана қарады.

- Осы қалпымда туа қалыппын ба?! Сенің қалжағың қалмайды, - деген кемпір үйге кіріп самауырынын алып қайта шықты. Оған шоқ салған соң, шалының жанына жайғасып:

- Көршінің баласы не дейді? - деп бастапқы әңгімесіне көшті.- Шәкең тіпті шошытып жіберіп еді, далаға шықсам, бәрі ойнап жүр, сонда да шыдамай жүгіріп барғаныма «неменеге ойнымызды бұзасың» деп әлгі жаман режіген соң жүрегім орнына түсіп, не болғанын сұрай алмай кетіп қалғаным.

- Шәкеңнің тай тулағандай мінезін білмеуші ме едің? – Қарт кемпіріне қырындай бұрылды.

- Қанша білем десең де тосыннан қиғылық салып жеткенде қиын екен... Айтқандайын, баланы тай тепті дегенде баяғыдағы ат тепкен Нұрғанымның баласы ойыма оралғаны, ержеткен шығар, ә?

Қарт жаңа ғана барлығын есіне түсіріп өтсе де білмегенсіп:

- Жетсе жеткен шығар, - дей салды да - Қай Нұрғанымды айтасың? - деп кемпіріне емексі еңкейді.

- Ой, шікін-ай, ұмыта қалғаның. Оның қатын-қызын шын сұлулықтың бейнесі деп тамсанып жүргенің күні кеше емес пе еді, - деп кемпірі тықақтай жөнелді. Хамзаның оған ғашық көңілмен емес, шынайы сұлулыққа сүйсінгенін қайдан білсін

- Онда неге мен оған үйленбедім? - Шал кемпірінің қитығына тие сөйлеп, жаңа естіп отырғандай таңырқай сұрайды.

- Оны менен несін сұрайсың, өзің айт, - деп кемпірі қырыстана тіл қатты. - Сен Ақмоншақтың етегіне оралып жүргенінді есіңе түсірші..

Шал ойнаймын деп отырып, от басып алғанын кеш сезіп қалды. Ақмоншақ десе Хамзаның жүрегі селт еткендей өткен өмірін оятып, ол қазір қандай болды екен, бір көрсем деген сағыныш балалық шағын аңсататын.

Біреу қуалағандай енігіп жеткен Ақтай:

- Ата, сізге шай ішсін дейді, - деді.

- Самауырынның қайнағанын тосып ек, бірақ со неме, арадай ызындаудың орнына мылқау жандай мелшиіп тұрып алғанын қайтерсің, - деп көңілсіз әңгімені бұзған Ақтайға көңілдене сөйлеген Хамзаға жалт қараған кемпірі:

- Ойбу, шоқ салуды ұмытыппын ғой, - деп самауырынға қарай ұмтылды.

- Апаң мені ғана шақырды ма? - Қарт кемпірі екеуін бөліп шақырмайтынын білсе де баланы сөйлету үшін сұрады.

- Маған "атаңды шайға шақырып кел" деді. Қазір мен қайта сұрап келейінші, - деп бірдеңені бүлдіргенін сезінген бала келген ізімен кері зулай жөнелді. Қарттың тоқта дегенін естімеді.

Түске дейін ренжісіп, түстен кейін шәй үстінде татуласу бұл көршілердің әдетіне айналған.

* * *

Шәмшәнің күйеуі Жұмабекті ауылдастары Жұмаш деп атап кеткен. Ол есік алдына келіп дауыстағанда үйінен шыққан Хамза сасқалақап:

- Өй, Жүке, мұның не? - деді.

- Бурыл биенді қасқыр жеп кетіпті. Мынаның қалай тірі қалғанын білмеймін, қара азбанның бауырында тығылып тұр екен, атқа өңгеріп, өзіңе алып келдім. Алсаңшы енді... - Жұмаштың алдына өңгерген құлынына қарап, не істерін білмей көзі алақтап тұрған Хамза енді ғана түсіру керектігін түсініп:

- Тірі ме өзі? - деп құлынды көтеріп алуға ыңғайлана берді.

- Өлген құлынды сонау жақтан сүйреп келетіндей маған не жеітті, - деп Жұмаш күле сөйледі.- "Ат тұяғын тай басар", ертең-ақ бурылдың орнын басады.

Хамза құлынды жерге қоймақ еді, тәліректеген құлын жығылуға айналған соң ұстай алды. Сол кезде жүгіріп Алмаш есіктен шықты. Бұл – Хамзаның жалғыз ұлы Манарбектің қызы немерелері болғанмен кемпір мен шал өздерінің меншігіне иеленген. "Кімнің баласысың?" деп сұрағандарға жайшылықта "ата" дегенімен "Хамза әкейдің баласымын" деп жауап береді. Өліп-өліп өлім сарқытындай болып қалған жалғыз ұлдары Манарбектен де қызғанатындығын қайтерсің.

Бірдеңеден құр қалғандай самбырлай сөйлеп:

- Немене дабырлап жатырсындар, - деп Хамзаның кемпірі Айша да үйден шықты, - Ее, бие құлындаған екен ғой, енесі қайда? - Ол жан-жағына алақтай қарап биені көре алмаған.

- Енесін қасқыр жеп кетіпті - деді Жұмаш қысқа қайырып..

- А, не дейді? - Ол шошына дауыстап Қымыздықсай жаққа қарады, қасқырлар сол жақтан қарап тұрғандай. - Біздің шалдың малға қыры жоқ, "Жоғалтып мал іздеме, жиі көзде" дегенді бұл білмейді. "Шәй қойдың ба" деп айналып менің жанымнан шықпаған жанның малын қасқыр жемегенде кімдікін

жесін, - деп күнкілдей бастаған кемпіріне жақтырмай қараған шалынан сескенгендей: - Басы аманның малы түгел, балалар аман болсын, садақа берер молда да қалмады... Садақа болсын, - деп кемпір бетін сипап қойды.

Жұмаш кетуге ығайланғанда үйге кіріп дәм ауыз тиюге шақарып еді, ол рақыметін айтып, атының басын өз үйіне қарай бұрды.

Үйге кіргізгенде де дірілдеп тұрған құлынның жанына келген Алмаш оның әлі кеппеген су денесін орамалмен сипалай сүртіп:

- Бұл менің атым бола ма? - деп атасына қарады.

- Сенің атың болмағанда, кімдікі болушы еді, - деді шалынан бұрын жауап берген апасы.

- Мұның атын "Ақмоншақ" қоямын.

- Бұл еркек құлын ғой, басқаша ат қойсаңшы, - деді құлынның жынысына да қарап үлгірген малсақ кемпір немересіне күліп

- Ол қыздың атын қойдың деп ренжитін адам емес, аппақ қалпында моншақтай емес пе...- деді Алмаш.

- Жарайсың, қызым, сенікі дұрыс! - деп құптады Хамза қарқылдай күліп. - Ақмоншақ...

"Ақмоншақ" есімі Хамзаны тым алыста бұлдыр-бұлдыр елесі қалған жастық шағына жетелеп кеткен

Ақмоншақ шынында да мөлдіреген аппақ моншақтай қыздың сұлуы еді-ау. Бұл жанында жүріп оның сұлулығын байқамапты. Байқаған кезінде кеш қалғанын білді. Ауылдың көгалынан көбелек қуып, бірге өскен қызбен араларында айтылмайтын сыр болмайтын. Бұл қыз өзімен бұрын бойжетіп қалады-ау деген Хамзаның кәперіне кіріп-шыққан емес... Дос көңілін ардақ тұтқан Хамза Ақмоншақпен махаббат, сүйіспеншілік туралы сыр ақтарып сөйлескен емес. Кейінгі кезде көкірегінде бір жылы сезім оянып, жанын қытықтағанда жүрегі лүлілдеп, ұяты бетіне теуіп, қызарып шыға келетін. Мұнысын қызға сездірмей, іштей өзіне ғана меншіктеп, басқалардан оны қызғанып, қызғыштай қоритын.. Осы бір күні тұрмысқа шығуы керек қой, ол қашан болады, кімге шығады деген нәрсеге ой жүгіртіп көрмепті.

"Ақмоншақ тұрмысқа шығып кетіпті" дегенде ашық күнде төбесінде жасын жарқылдағандай аңырайып қалды. Сілейіп қанша тұрғаны есінде жоқ:

- Кімге? - деді сыбырлап қана, дауысы қатты шықса маңайындағылар жекіп қалатындай жасқаншақтап.

- Немене, естімеп пе едің, Құсайынға, - деген дауыс құлағына еміс-еміс жеткендей болды.

Бойы бұзау қазықтан аспайтын Құсайынды бірер иткөйлекті бұрын тоздырғанына қарамастан, құрдастарындай "Тәйпақ" деп атап кеткен. Ол бұл екеуін көргенде "Ару қызым Ақмоншақпысың, сендей қыздың алар ем оншақтысын" дейтін қарқылдай күліп. "Өй, жынды кетші өзің" деп одан қашқалақтаған қыз Хамзаның бауырына тығылатын. "Мазақтағаныңды қоймасаң, мынамен үтіктеп, мұрыныңның бар екенін ұмыттырам!" деп Хамза

шоқпардай жұдырығын көрсеткенде: "Аузында әзілі жоқтың - қолында шоқпары бар" деген рас-ау, мен әншейін, «байдың тәттісін» бөлісіп жесек дегендікпен айтқам, кеттім, ойбай» - деп домаланып жөнелетін.

"Байдың тәттісі" деп байдың қызы екенін айтып тұрғанын Ақмоншақ біліп, тыжырынғанмен сөзге мән бермейтін Хамза ыржиып күле салады.

Ауыл жастарының белсендісі болып, комсомолға өткеннен кейін оның "Тәйпақ" аты ұмытылып, «Құсайын белсенді» атала бастады. Оқығаны аз болғанымен тоқығаны мол, қалай өмір сүру керектігін жылдам аңғаратын Құсайын жиналысқа деп ауданға жиі-жиі барып жүрді де ақыры сонда қызметке қалып қойды. Біраз уақыт өткен соң Құсайын милиционер болыпты деген хабар тарады. Бұл кезде ауылдағылар оның не қызмет екенін де білмейтін. Оны түсіндіретін нәубет жылдар келе жатқанын кейін жандары қиналғанда сезініп өкінді-ау...

Басқа емес, Тәйпақтың Ақмоншақты алып кеткеніне іші күйген Хамза «байдың тәттісі» деген Құсайынның сөз мәнін енді түсінгендей. Ақмоншақтың әкесі Қайса кедей болғанмен Мәрсек баймен аталастығын себеп қылып, ірі байларды кәмпескелегенде біраз әуреге салған. Содан кейін жайына қалдырып еді, сонда да осының бір қайырып соғары болар деген күдікпен Қайса қызын Оспан деген кедей інісінің атына жазғызған. Мұны Тәйпақ жақсы біледі.

Соңғы кездері «қой терісін жамылған қасқырларды» анықтау науқаны басталып, ауыл-ауылдан адамдар жауапқа тартыла бастады. Құсайын осыны пайдаланып, Ақмоншақты өзіне көндіргені сөзсіз. «Есік көргенді алма, бесік көргенді ал» дейтін дәстүрдің бұзылмай тұрған кезінде Хамза Ақмоншақты Құсайыннан қайырып алайын деп ойлаған емес.

Сілейіп біраз тұрған соң, Хамза жың қаққандай тұра жүгірді. Ешкім оны тоқтатайын демесе де иттен қашқан қояндай зымырады. Ол Қымыздық сайға жеткенде ғана екпінін жоғалтып, қалт тоқтады. Көзінен жас сорғалап айналасын аңдатпағанын сонда ғана аңғарды. Ол Ақмоншақпен бірге отыратын тастың қуысына келіп шөкелей кетті де бақырып жылай бастады, сөйлеп те жатыр, былдырлағанын тыңдаған біреу болса, ешеңе ұқпас еді.

Ештеңені байқатпаған балалықтың сағым жылдары өте шықты да Хамза осы көз жасымен жігіттік дәуреннің ақ босағасын аттады...

* * *

Үйіне кірмек болған Хамза мәшінмен келе жатқан ұлын көрген соң, тоқтап оны тосты.

- Ақмоншақты таптың ба? - деді көлігінен түсіп жатқан баласына.

- Жоқ, жылқы көшкен ізбен жайлауға дейін бардым, ешкім көрмеген... - деді Манарбек таба алмағанына кінәлі жандай кібіртіктеп.

- Төрт аяқты малды төрт дөңгелекпен іздеген сені көрдім. Тау-тастың арасында жоңғышқалы жерде жайылмай, мәшін жолдың шетінде Айшаның

баласы (ол өзімнің балам демей, жақтырмай қалса ұлын шешесіне бере салатын әдетіне бақты) мені іздеп әуре болады ғой, деп тосып тұр ма екен? - Ол мысқылдай мырс етті.

- Түү, әке, тау-таудың биігіне шығып қарадым, - деп ақталды Манарбек.

- Ол да бір биктің басынан кісінеген шығар...

- Қойшы, әке.

- "Қойшы-қойшы" деп шыға келесіңдер. Қоңыр атқа мініп ізде дедім. Тіл алушы ма едіңдер. Атпен тепендеп, тақымыңды қажатқанша, жұмсақ орындықта шалқайып жатып мәшінмен іздеген әлде қайда жеңіл екенін мен де білем...

- Әке, қазір сабағым бар, мектепке кеттім. Түстен кейін атпен іздеймін. Қайтсем табам, қасқыр жеп кетсе сүйегін әкелем.- Манарбек уәде бере сөйледі.

- Сүйегі маған керек емес, шешеңе бер, тіс салғызып алған, - деп қырыстанды қыңыр шал.

Манарбек мектепке кеткен соң Хамза жүгенін алып, қоңыр атпен өзі іздемек болып еді, мұны көрген Ақмоншақ айдаладан шұрқырады.

- Өй, Моншағым-ай, кел, кел, - деп кенже баласы келе жатқандай емпелендеп алдынан шықты.

Ақ сорпасы шыққан Ақмоншақ ілгерінді-кейін кетіп тұр. Қыл мойнында сүйретілген арқан. Хамза шешейін деп ойланбастан кездігімен арқанды қия салды. Сонда ғана Ақмоншақ кең тыныстап шекесін иесіне үйкеледі.

- Е, құлыншағым, сені бұғалықтап "қазақ қасқыр" жеп қоя жаздаған екен. Кезінде мені де бұғалықтап "гепау-қасқыр" жеп қоя жаздаған.

Қарт өткен күндерге ой жүгіртеді.

Ақмоншақты күйеуге аттандырған ауыл жым-жырт, бұрындары құда күтіп, күйеудің алдынан арқан керіп, ойын-сауық құрып арқа-жарқа болып жататын ел, өлік шығарғандай көңілсіз күрең қабақпен бір-біріне сенімсіз қарап томсарып қалған. Бұрын ат ұрлап, қыз алып қашқандарды тезге салып, басқаларға жөн-жосық көрсететін ауыл ақсақалдары пәледен машайық қашыпты деп, өз бастарының амандығын тілеп шеттеп кеткен. Бұрынғы ел шулатқандар еріккеннің ермегін істеп жүріпті. Қазір түнде адам ұрлайтындар шықты. Ешкімге шағым айтып бара алмайсың. "Оны неге іздеп жүрсің, кімісін, қандай жақындығы бар?" деп өзіне сұрақ қойыла бастаса сен аңқылдап шындығыңды айтқанмен олар бір жерінен ши шығарып суыртпақтай бастайды да жіп-жіңішке суыртпақ жұп-жуан бұғауға айналып темір құрсауға түскенінді байқамай қаласың.

Сондықтан бір елі ауызға екі елі қақпақ қоюға тырысқан жандар «Иә», «Жоқ» деген қысқа да нұсқа жауапқа үйреніп алған. Ауызына ие бола алмағандардың жағдайы мүшкіл. Соның бірі – Хамза.

Құсайынның ақ дегені - алғыс, қара дегені – қарғысқа айналып, Құдай да емес, Құдайдан былай да емес болып тұрған кезінде ауылға келіп жиналыс өткізді. Бұл жиналысқа ауылдың тайлы-тұяғына дейін түгел қатыстырылды.

Қайын жұртының алдында иба сақтайтын келін-кепшіктерді де «теңдік берілген» деп бір шыбықпен айдап келді.

Жиналысты ашқан Құсайын қызыл мата жабылған үстелге екі қолын тірей көтерілді де жиналғандарды түгел шолып өткен соң сөзін бастады:

-Тауариш, - деген соң тамағына бірдеңе кептетілгендей қырылдай жөткірінді де сөзін қазақша жалғастырды. - Жолдас ауылдастар, біз бүкіл әлемде кедейлерге теңдік берген жалғыз мемлекет – Кеңестер одағында кедей өкіметін орнатып, соның іргетасын нығайту үшін күресіп жатырмыз. Мұны байлықтарынан айрылғысы келмеген басқа мемлекеттердің бай-манаптары құлатқысы келеді. Сырттан келетін жауларға төтеп беретін айбынды Қызыл әскеріміз бар. Ал, ішімізде өткен өмірін көксеріп, шаруашылықтарымызға зиянын тигізіп, сыртқы жауларға көмек беруге талпынып жүрген байдың құйыршықтары, кезінде құртылмай қалған тап жаулары, жапон тыңшылары тағы басқа кедей өкіметіне зиянын тигізетін зиянкестерді әшкерелеп, халық алдында жауапқа тартуымыз керек.

Сөзінің әсері қандай болғанын білгісі келгендей сәл тыныстап, жиналғандарды шолды. Орнынан қопаң етіп тұрған бір шал:

- Жасырынып жүрген байларды ұстаған дұрыс. Ал, жапон тыңшылары қандай, біз оны қайдан білеміз? – деді сыпылдап.

- Жапон тыңшыларының құйрығы болады, соны білмейсің бе? – деп аузы шапшаң біреу келемежге айналдырды. Естігені ду күлді, естімегені күлгендерге қарап ыржаңдады.

- Тап жауларын тұтқындағаныммен жапон тыңшысын өзім ұстағамын жоқ. Бірақ олар біздің осал тұстарымызды өз әскерлеріне хабарлап, сол жерден соққы беруді көздейді. - Құсайын өзі де білмейтін нәрсесін айналып өтуге тырысты.

- Бұл шекара күзетіне қатысты ғой. Біздің шаруашылықтан олар не іздейді? - деп таңданды қарт.

- Міне, бұл нағыз саяси соқырлық, - деді Құсайын өзінің білімділігін көрсетудің сәті келгенін пайдаланып. – Олар ішімізге кіріп алып жегі құртындай іштен жейді. Егініңді өртеп, малыңды індетке ұшыратады. Сонда...

«Ана жылғы ашаршылықтағыдай аштан қырылып» дегенді айтып қала жаздап, ашаршылық деген сөзді айтуға тыйым салынған, дер кезінде есіне түсіп, аузын бағып:

- ... қайыр тілемегенде не істейсің, - деді шалға сұқ саусағымен жерді нұқып.

- Құдай оның бетін әрі қылсын, - деп қолын сермелеген қарт теріс айналды.

- Сен ұстап әкеткен Жақан шаруашылыққа зиянын тигізген жау болып шықты ма? – деген дауыс шықты.

- Хамза, сен Жақанның тап жауы екеніне сенбейтін сияқтысың ғой? – деп дауысында кекесінді мысқыл бар Құсайын Хамза отырған жаққа мойнын бұрды.

- Аспаннан киіз жауса оған ұлтарак бұйырмайтын кедейдің өзі болатын.

Оған қандай кінә таққанын білер ме еді...

- Біліп қайтесің, оның жау екені дәлелденді...

- Иығыңа ұлтарак таққаныңа мәз болып, Жақанның адалдығын айтуға батылың жетпеген шығар... Әншейінде «ел қамын жеген Едіге» сияқты болып көрінгің келеді... – Хамза Құсайынға Ақмоншақты алып кеткен соң қарадай өшігіп жүргенін сездіріп алды

- Сен Кеңес өкіметінің пагонын ұлтарак дедің бе? Халық жауы – Жақанның жанашыры екенсің ғой, көрейін мен сенің әуселенді! – деп түкірігіне шашала кіжінді Құсайын.

- Сенің қолыңнан келген керемет болса көріп алдым, тайдың тәшімәйіндей тәлірейген неме, қолыңнан не келер дейсің?! – Хамза мұрнына жағымсыз иіс келгендей тыжырынып теріс айналды.

Аузына сөз түспеген Құсайын түкргі шашырап бірдеңе деген болды, бірақ оны түсінген ешкім жоқ, ашулы қалпында жиналысты жаппастан далаға атып шығып, сары жорғасына мінді де ауданға аттанып кетті.

- Ойпырмай, шала бүлінгеніне қарағанда кімге шүйліксе де оңайға соқпас, - десті оны шығарып салушылардың бірі.

- Саған кімге шүйліккенінің керегі не, жұлдызым жоғары деп өзіңнен аулақтат, - деді оны сақтандырған біреу бүйірінен түртіп.

Қара жамылғандай қабағы түскен топ тарқаса бастады.

Ауыл бұрынғыдын да тұмығып түнере түскен тәрізді. Құсайынның "дауылы" бұл ауылға қашан жететіндігін күтіп алаңдағандарымен сыртқа шығара алмай, аузына ие бола алмаған жігітке көмек көрсетудің ретін таппай, дағдарған соң қайтсын, Хамзаның әкесі Хасен шалдың көңілін аулап, сәлемдесіп кіріп-шығып жатады. Ел ішінде не болып жақанынан бейхабар, құлағының мүкісі бар Хасеннің кемпірі Жәмилә мұны басқаша түсініп:

- Әй, шал, сенің бір жерің ауырып жүрген жоқ па, мыналар неге біздің үйді жағаттап кетті? - деді самбырлап.

- Аурудан адам өлмес ажал жетпей деген бар емес пе. Ажал шіркін күткенде келмей көзіңді талдырып, ол да кісімсіп бұлданады екен ғой... - Шал көзінің тірісінде ұлының ұсталғанын көрмей, о дүниелік болғысы келетінін жасырмады.

- Кім жынданады екен? - Жәмилә орамалын ысырып құлағын шалына бұрды.

Қарт айқайлаудан жалыққандай сұқ саусағын кемпіріне нұсқағанда ол орнынан ұшып тұрып: "Өзің жынды" деп қазандыққа қарай кетті де сол жақтан дауыстап:

- Сонда олар біздің үйді неге жағаттап кетті деймін? - деп бастапқы сұрағына қайта оралды.

Бұған сәлемдесе келген қарттар ұлың ауданға барып, Құсайыннан кешірім сұрасын, осы ауылдың баласы емес пе, алдына келсе атаңның құнын кеш деген ата жолымызды ұмытатын болған жоқ, кешіретін шығар дегенді айтқанда Хасен

күптап келіскенімен Хамзаның ауданға аяқ басқысы жоқ.

Буаз биедей қарыны шермендеген қара бұлт жер бауырлап жатып алды да жаңбырын төгіп жібермей, сығымдағанда саусағының арасынан шыққандай үзік-үзік тамшылар ғана қураған жапыраққа құлап тырс етеді. Торлаған бұлт жел қанатына мінбей, түнере төмендеген сайын қойтастардың баурайындағы тоқал тамдар жерге жабысып кішірейе түсендей. Күркіреді. Қуанды. Күркіреген жоқ, дүрілдеді. Қуаныш басылып, қабаққа кірбең ұялады. Күннің күркірегеніне қуанғаны жаңбыр жерге нұр болып құйылады. Ал, дүріл көрініп келіп алатын ажал, біреуді алмай кетпейді. Ауданда бір-ақ мәшін бар, оның өзі гепауда. Бұл мәшін ауыл арасында күндіз жүрмейді, аса қауіпті халық жауларын ұстау үшін кешкілік қана жолға шығады.

Міне, құлақ салып тыңдаған жұрт сайдан жоғары өрлеп келе жатқан мәшіннің дауысын анық ажыратқан соң әр кім "алынбас қамалым" деп есептейтін дүңгіршектеріне тығылуға әзір. "Бұл кімге келе жатыр?" деген сұрақ бәрін мазалап тұрса да ешбірінің жақ кірісін ашуға шамасы келмегендей мөлііп қалады. Қара мәшіннің қай үйге баратынын бақылымақ болғандар қорғанның жақтауынан баспалап сығалағандарынан ештеңе шықпайтынын түсінді, өйткені кезеңнің басына шыққан мәшіннің моторы өшті. Жұрт бұл мәшіннің ел жатқанша орнынан қозғалмайтынын біледі. Бұрын милициясы күндіз келіп, керек адамдарын ұстап әкете беруші еді, "адам ұрлау науқаны" басталғалы осылай, ел жатқан соң қораннан қой ұрлағандай алып кетеді. Аялаған жаныңды алмай қоймас деп батырсынғандар шамын жағып, кешкі асына отырғанымен өзіме келіп қала ма деп қауіптенгендер жарық жағуға да сескеніп, терезеге жалтандап отырғаны. Мұндайда тамағыңнан тамақ өтсін бе, қара шәй да жүрмей қояды ғой. Уақыт та қыр желкеңе мініп тұрып алатынын қайтерсің...

Терезеден тықыл естілгенде ояу жатқан Хасен қарт ұша тұрмақ еді, тәлтіректеп жығылып қала жаздады. "Менен басқа кімге келер дейсің, ауылда жілігі татитын жігіт қалмай барады" деп ойлаған Хамза киімін шешінбеген қалпында дайын отырған.

Ол есік ашқанда екі адам кіріп, білтелі шамның жарығына көздері үйренбегендей босағада состиып тұрып қалды. Шаңыраққа сәлем беру ойларына келмеген тәрізді.

Кереуеттің басына сүйеніп, орнынан әрең тұрған Хасен:

- Жоғары шығындар, - дегенді демігіп әрең айтты.

- Кеттік, құжаттарыңды алдың ба? - деді келген екеу Хамзаға иек қағып, алдым дегендей бұл басын изеді.

- Жаңа көзім ілініп бара жатыр еді, бұл кім түн ортасында қаңғып жүрген, - деп кейістік білдірген кемпірін Хасен бүйірінен түртіп қалды.

- Асықтрмасаңшы, қазір шәй қоямын. Самауырын әлі суымаған шығар, - деп кемпір шымылдығын ысырып шыға бергенде Хамзаны алға салған екеу сыртқы есікке таяп қалған. Мойнын бұрған Хамза:

- Аман болыңыздар, - деді Хамза "қош" десе қайтып көрместей естілетінін

түйсініп.

Сыртта біреуі тосып тұр екен, ол жүгіре басып мәшіннің артқы есігін ашты. Маңдайына жарық жұлдызын қадап, түн қараңғылығын серпіп тастап, тау жолымен шоқалақтаған мәшін ауылдан ұзай бастағанда манағы тастүйін қалпынан өзгеріп, енді осы ауылды, әке-шешемді көрем бе, көрмеймін бе деген күдік билеп, жүрегі өрепкіп, көңілі қобалжығанда Хамзаның көзіне мөлдіреп жас келді. Жанындағылар оның мұнысын байқамай, не бір-біріне тіл қатпай, үнсіз отыр.

Тау қойнына бойлап енгенде қара мәшін көксау шалдай күркілдей бастады. Секем алған үшеу бір-біріне жалтандап қарағаны болмаса тіл қатқан жоқ. Жүргізушінің де аузы қыбыр етпей, аяғы тыпырлайды. Бір кезде мотор тарс еткен дыбыс шығарды да үнін өшірді.

Жүргізуші есігін ашып жүгіріп моторға барды да қақпағын көтерді. Мұны тұтқындап келе жатқан үшеу де жүргізуші қашып кететіндей қамалап соның қасына барды. Найзағай ойнап жаңбырдың алғашқы ірі тамшылары түсе бастағанда Хамза «Қаш!» деген дауыс естігендей болды да атып шығып, зыта жөнелді. Тау-тас демей зымырағанда қуған иттің де жетуі неғайбыл еді. Құдай дес бергенде аяғы ештеңеге шалынып шалыс басқан жоқ. Ешкім қуып, оқ атпады. Төпеген жаңбырды да елемеді.

Хамза Өскеменге соқпай, Семейге тоқтамай, Керекуден бір-ақ шықты.

Өмірде жақсы адамдар көп-ақ, бірақ кейбір өздерін қумын, іскермін деп санайтын пысықайлардың кесірінен жаны жайсаң жандарға жолыға алмай, айналандағылардан жерітін кезің жилегенде түңіліп кетесің. Хамза да не істерін білмей, елге қайтсам ба деп жүргенде Нұрқан деген оқу бөлімінің қызметкерімен танысып, жұмыс жайлы сөйлесуге барды. Өмірде көпті көріп, түйгені мол жан Хамзаның жайын бірден түсінді.

- Бала, қандай білімің бар? - деп сұрады ол.

- Шаруа-жастар мектебінде оқығанмын. Өскемендегі мұғалімдер даярлайтын алты айлық курсты бітірген соң туған жерім Ұлан ауданына жіберіп еді,..

- Ұландағы ылаң мұнда да басталған, - деп біреу сөзімді естіп қалмады ма дегендей жан-жағына алақтап қарап қойды. - Бала, қарға екі шоқып бір қарайды десе, қазіргі заманда бір сөз айтып, екі рет жан-жағыңа қарап, ешкімнің тыңдап тұрмағанына көз жеткізуің керек. Аузы жеңілдердің көбі ұсталып кетіп, мектептерде мұғалімдер жетіспей жатыр. "Барлығын сауаттандыру керек" деп ұрандап жатқанымыз және бар... Ауданнан жырақ, көп адам бара қоймайтын Жалғызтал ауылына мұғалім болып барасың ба?

- Мен... - қашып жүргенін айта алмай қысыла күмілжіді.

- Құжаттарың өзінде ме?

- Мінеки...

- Жалғызталдан сені ешкім іздемейді. Бұл науқан да аяқталатын шығар.. Содан кейінгісін көре жатармыз, - деп Нұрқан мұны шығарып салды.

Сағым жылдар сырғанап, уақыт өткен сайын Хамза елін сағынғанын қойып, Жалғызталға да үйреніп алды. Еншісі бөлінбеген қазақтың лезде жақын-жұрағат болып шыға келетіні Хамзаны жатсындырған жоқ, біреуге аға, біреуге іні болып сіңісіп кетті.

Жалғызтал шеткері жатқандықтан албаты ешкім келе бермейді екен. Жолы түсіп оқу бөлімінен Нұрқан келгенде Хамза әкесі келгендей қуанып, қошаметпен қарсы алды. Ол өз шаруасын бітірген соң бұған келіп:

- Бала, бұл жақта жаман жұмыс істемеген екенсің, ауылдастарың мақтауыңды жеткізді. Енді ел жағыңа да жол ашылды. Халық жауларын аулау науқаны аяқталды. Асыра сілтеп жіберген Ежовты Сталин жолдас орнынан алды, - деді Нұрқан қуана сөйлеп. - Сен партия қатарына өттің ғой...

- Өзіңіз өткіздіңіз емес пе, - деп мұны неге айтып тұрсыз дегендей күдіктене қарады.

- Мен оны айтып тұрғаным, Алматыда коммунистердің жоғары оқу орны (КомВУЗ) ашылды. Соған жіберсек қалай қарайсың?

- Елді сағынып жүр едім, бірақ қашқын емес, оқу орнын бітіріп барсам, әкешемді қойып, ауыл-аймағым түгел қуанбай ма?! – деген жігіттің сөзіне разы болған Нұрқан:

- Сенің солай дейтініңді біліп ем, бір жұмадан кейін Баянға кел. Барлық құжаттарыңды реттеп қоямын. Әй, Алматыға жіберетін кісі таппағандықтан емес, - деп Хамзаға сұқ саусағын шошайтты.

- Түсіндім, аға. "Жақсылық жасасаң жартылама" деген бар.

- Мен сенің басың істейді деп айтып па едім?

- Жоқ, айтқан жоқсыз.

- Ендеше айтты деп есепте, - деп қарқылдай күліп, атқа қонған ол жүріп кетті.

Хамзаның жолы Алматыға түсті.

* * *

Ақмоншақтың мойнынан сипалап тұрып Хамза қарт сонау нәубет жылдары өзінің қалай қашып құтылғанын есіне алды.

- Ой, кішкентай құлыншағым, Ақмоншағым, келіп қалғансың ба? - деп Алмаш жүгіріп келе жатқанда елеңдеген тай басын көтеріп, жақындамақ еді, қыз кері қарай қайта қайтқанда таңырқағандай мойнын бұрып шалға қарады.

- Құдай біледі ол тәттісін үйге ұмытып кетті, - деп күле сөйлеген қарт түсінік берді. Соны растағандай Алмаш қолын шошайтып бұларға қарай жүгіріп келе жатты. Ақмоншақ енді шалдың жанында аялдамай қызға қарай жүрді. Ол қыз қолындағы тәттіге бірден ұмтылмай, басымен иесінің денесін үйкелеп алған соң ғана жыбырлаған еріні қыз қолын қытықтады.

Үйге кіріп, ноқтасын алып шққан Хамза:

- Басыңды бері әкел, - деп ноқтасын кигізді. - Көлге апарып, шомылдырып

келейінші,

- Мен де барайыншы, ата. – Алмаш атасының аяғына оратылды.

- Жүр. Сен мені қашаңғы «ат» қыласың, кел өз атыңа мін, - деп Ақмоншақтың ноқтасынан мықтап ұстаған қарт бір қолымен оны тайға мінгізді. Алғашында тайдың арқасы дір еткенімен одан кейін қозғалған жоқ. Мұны көріп қалған Айша:

- Түсір, ойбай, түсір, мына шалды жын қаққан ба, тай туласа бір жапырақ баланың несі қалады, - деп гөй-гөйін салып бұларға қарай жүгіріп келе жатқан сыңай танытты. Екі қол шапшаңдық танытқанымен аяқ шіркін жерге жабысып қалғандай көтерілмейді-ау.

- Апаң бізге жетіп алса жанымызды шығарады, - деген Хамза тайды жетелеп еді, ол мөңкиін деген жоқ. жайынша жүріп келе жатқан соң Алмаштың да жүрегі орнығып:

- Апа, мен Ақмоншаққа мініп алдым, - деп мойнын апасына бұрып айқайлады.

- Мінгені несі, түс ойбай, түс. Мына шалдың ызасы-ай, қолыма түсерсің бәлем... - Кемпірде зәре жоқ, сонда да қоқан-лоққысын ескертіп жатыр.

Хамза тайын жетелеп, қызын ұстап көлге қарай жүре берді.

- Кәке, "Қадылбектің шошқа қорасына" сәлемдесейін деп бара жатырсың ба? - деген Жұмабекке езу тарта қараған Хамза:

- Ол жарықтыққа да бір аят құран бағыштап, бет сипап қойған артық емес қой... Қыздарым байға тиіп өз жөнімен кетер... Атымды шығарар артымда балам да жоқ деуші еді жарықтық, аты шошқа қорамен қалды, - деп өткенді еске түсірді.

Бұл көл ауылдың шет жағындағы бір кезең астында. Өкметтің алғашқы жылдарында «бесінші түлік» - шошқа өсіреміз деп қора салып, бірнеше үй тұрғызған. Оған орыс ауылдарынан екі-үш отбасын көшіріп әкеліп, Қадылбек деген қазақты ферма бастығы етіп тағайындады. Бұл кезде ұжымшардың бастықтары аупарткомға есеп бергенде төрт түлктің атын дұрыс атап, доңызға келгенде: "Фу, ененді ұрайын, шошқа жүз он процент орындалды" - деп оның атын жирене айтып, мұрнын тыржитатын.

Шошқа жаңа жерде қаулап өсті. Қадылбек жиналыстарда төрге отырғызылып, мақтау қағаздарын құшақтап қайтатын болды. Партия қатарына өтті. Сөйтіп аяқ астынан бақ қонған бастыққа бір жолдасы келіп:

- Сен партия қатарына өткенінді жумайсың ба? - дейді.

- Ақша болмай тұр ғой, өзінде бірдеңе бар болса менің есебімнен жуайық, - дейді бұл.

- Әй, осының етін екеуміз жеп жатқанымыз жоқ. Бір торайды сатсақ екеумізге жетіп жатыр емес пе? - деп досы ақыл қосады..

- Қой фермасындағылырдың аузынан ақ май ағып жүргенде біздің аузымыздың салпыып бос қалғаны жарамас, - деп Қадылбек келіседі.

Бір апта өтер-өтпесте "қоғам малын сатып, шылқа майға батып жүрген»

бастықтың үстінен домалақ арыз домалап ауданға жеткен соң Қадылбекті аупарткомға шақыртады.

Мақтауға дәнігіп алған Қадылбек тағы Құдай не береді деп есек дәмемен апырандап барғанда:

- Әй, сен не істеп жүрсің? - дейді партия хатшысы бұған.

- Шошқа бағып жүрмін, - дейді бұл.

- Сен бағып жүрген жоқсың, сатып жүр екенсің ғой.

- Е, бір торайды сатқаным рас,..- Ол пәлен жылғы еңбегім үшін бір торайды сатқаным қылмыс деп ойламағандықтан күле жауап береді.

- Қоғам мүлкін көздің қарашығындай сақтайды деп, адал коммунист ретінде ферманы саған сеніп тапсырдық. "Біреуін ғана саттым" деп сенің айтып тұрғаның мынау... Иә, жұртқа көрсетіп сатқаның біреу шығыр, көрсетпей сатқаның қанша, кәні шыныңды айт! - Бірінші хатшының дауысына қатқылдық ене бастады.

- Біреудің өзін әрең саттым... – Қадылбек шындығын мойындады, неше жыл мінбелерден мақтаған бастық кешіріммен қарар деген ниетте. - Біздің жақта доңыздың етіне жерік ешкім жоқ, шілденің ыстығында қазақтар сасық деп көлдің жағасына бармай, кішкене бұлақты сағалап жүргені, сондай адамдарға шошқаның етін қалай сатамын. Өзіңіз алар ма едіңіз? - деген Қадылбек құйрығына ине қадалғанын кеш сезді.

- Енді сен мені арам асқа табақтас етейін дедің бе?! - Хатшы орнынан ұша тұрғанда Қадылбек баладай жасқанып қалды.

- Неге "арам", адал деп өсіріп жатқамыз жоқ па? - деп бұл аңқаусыды.

- Әй, көк ми, ол итіңді арам деп тұрған жоқпын, ұрлап сатқан "арам" деп тұрмын ғой, түсінемісің? – Бастық сұқ саусағымен мұның көзін шұқып алардай төндірді.

- Түсінем... бірақ ол "ит" емес, шошқа ғой...- Бұл желкесін қасып сұқ саусақ жетпестей жерге шегіншектеді.

- Әй, сен өзің менімен сөз таластыруға келдің бе? - деді қалшылдаған хатшы. - Одан да жасырын қанша сатқаныңды айт! - Ол орындығына қайта жайғасты. - Мойындағың келмейді, ә? Партияға адал қызмет істемегендер біздің коммунистер қатарында болмауы тиіс. Партбилетіңді мында қой, қызметіңді басқа біреуге тапсырасың, арнаулы тексеру комиссиясы барлығын санап, жетпегендерін сенің мойныңа қояды! - деді хатшы.

- Неменені қояды?

- Немене еді, әлгі... Сен баққан малды.

- Шошқа деп неге айтпайсыз?

- Кет, жоғал көзіме көрінбей! – Хатшының дауысынан зәресі қалмаған шошқа фермасының бастығы тайып тұрады.

Қызметтен түсіп қалдым, партбилеттен айрлдым деп қиналған Қадылбек жоқ, бірінші хатшының аузынан "шошқа" деген сөзді ести алмағанына таңдана күліп, «өздері оның атын атауға жиренеді де, бір торайды әкесінің құны

кеткендей жоқтағанын қайтерсін» деп ойлады. Ауылға келген соң екі қолға бір күрек деп ұжымшардың шаруасымен айналысып кетті.

Қадылбектен кейін орыстан да, қазақтан да талай бастық шошқа фермасына келді. Бірақ алды жүрмегеннен кейін қайтсін, шошқаның саны көбеюдің орнына азая берді. Құрып бітуге айналғанда Аупартком хатшысы ұжымшарға өзі келіп, Қадылбекті шақыртып:

- Кәке, партбилетіңді қайтып берейік, шошқа фермасына бастық бол,- дейді.

- Бір торайға тұрмаған партбилеіңді ұрайын, оны не қылам? - деп бас тартқан Қадылбек аупарткомды маңына жолатпады.

Бұдан кейін шошқа өспей, көлдің айналасы қорыстанып, қазақтар маңына келе алмайтын болғанда қоныстанған орыстар да көшіп кетіп, көл маңайында ешкім қалмаса да "Қадылбектің шошқа қорасы" деген аты қалды. Ал, көл - "Сасық көл" аталып кетті.

Хамза көлдің томар-томар шілік өскен жазық жағынан емес, қамыс қоғасы жоқ, тастақ жағынан келіп, шешініп тастаған соң тайын бойлатып шомылдыра бастады.

Ақмоншақты шомылдырып, үлкен бір іс тындырғандай көңілі жайланған Хамза үйдің жаздық бөлмесіне кіріп, төсекке жантайып еді, көзі ілініп бара жатқанда далада шу шықты. Шаңқылдаған Жұмабектің дауысы. "Осы байғұсты бала кезінде қазанда қайнап жатқан құртқа түсіріп алмай шешесі қалай баққан" деп күйгелек көршісінің тағы немене айғайлап жүргенін білмекке Хамза орнынан тұрып, далаға шықты.

- Қайда әлгі қу талақ келгір! Қақ маңдайдан атып, жалп еткізбесем Жұмаш атым өшсін! - деп елірген Жұмабек қолында қосауыз мылтығы бар, бұған қарай келе жатып мылтықтың ұңғысына патронын тығып та үлгерді.

Жас айырмашылықтары болғанымен ауылда үлкендерден қалған екеуі ғана болғандықтан бес жас бел құрдас, он жас ол да құрдас деп, әзілдесіп те қоятын. Әсіресе Жұмаштың аузына шөлмектің сарқыны тисе болды қой аузынан шөп алмас дейтін адам тақылдап шешен болып кетеді. "Осыны неге қоймайсың" десе, "Анда-санда қанды қыздырып қоймасам, қаным ұйып қалады" деп жауап береді.

- Ау, Жүке, аспан құлаған жоқ, күн жарық, не жетті? - деді Хамза дауыстай күле сөйлеп.

- Ақ тайыңның ажалы жетті!

- Астапыралла, ол бейшара не істеп қойды?

- Ойбай-ау, менің итімді көрсе жыны бар, үйге қуып тығады. Қорыққаннан қораға сиетін болды. Итімді қаңсылатып, баламды жылатқан тайыңды атып тастап, құнына қоңыр биемді берем, - деді Жұмабек көршісі бұрқылдап.

- Қоңыр биені құлынымен берсең, жарайды, ата ғой. - Хамза не дер екен деп оған қарай қалды.

- Бір тайға құлынды бие сұрайсың ба? - Бұрқылдап тұрған шал Хамзаға аңтарыла қарап қалған.

Алмаш бұлардың жанына келіп:

- Мен Ақмоншағымды бермеймін. Ол кінәлі емес, - деді.

- Сонда мен кінәлімін бе? - Жүкең кішкентай қызға еңкейе үнілді.

- Сіздің Қайтпас мені қабуға ұмтылғанда құлыншағым кеудесімен қағып құлатқан. Содан бері оған өшігіп алған.

- Солай ма? - деп Жұмабек қызға бір, тайға бір қарағанда Ақмоншақ Хамзаның артына жасырып тұрған басын шығарды.- Әй, мынауың тіл біледі-ей... – Бұлттан шыққан күндей Жұмабектің жүзі жадырап шыға келді.

- Тіл білмесе менің артыма тығыла ма? Сенің.:

"Мен өзім аңшы болып мылтық аттым,

Тисе де тимеседе тарсылдаттым.

Бойынан бұл Айырдың аң таба алмай,

Боқ жеген Бейсенбінің итін аттым, - деп әндетіп жүргенінді естімеді деймісің. Бар пәле менің тайымнан емес, сенің итіңнен шыққан екен.- Бұған не айтасың дегендей көршісіне иек қақты.

- Қайтпастың көршіге иттік жасап жүргенін мен қайдан білейін. Ол иттің адам сияқты құйрығын қысып жүрсе несі кетеді-ей. - Жүкең қатты ашуланғандай жерге түкірді. - Қарап отырып көршімен ырылдастырып қойды. Атып тастайын ба өзін.

- Жеті қазынананың бірін атып, балаңды жылатып кайтесін, одан да итіңе бойтұмар жазғызып ал, - деп күлді Хамза.

- Тұмар дейді?! - Бұл тағы қай мазағың дегендей Жүкең Хамзаға ежірейе қарап ашуланар, ашуланбасын білмей аңтарылды.

- Баяғыда Жәкежан деген байдың көзі шалғанды құтқармайтын құмай тазысы болыпты. Сол кісі молдаға: "Менің тазымды жұрт тым мақтап кетті. Бейшараға көз тие ме деп қорқып жүрмін. Көз тимес үшін тұмар жазып берші", - деп сұрайды. "Адам емес, итке тұмар жазбайды" - деген молдаға бай: "Итімнің тұмарына деп сақтаған қойдың ұшасы бар еді" - дейді. Сонда молда икемге келіп, қаламын қолына алады да, тұмарға:

"Итің, итің итіңе,

иттің боғы бетіңе,

итіңе тұмар жоқ еді,

ұша деп берген етіңе," - деп жазған екен.

- Соны тұмар қылып тағып па? - деп күлді Жұмабек.

- Тақпағанда... Арапша шимайды кім танып жатыр.

- Итке тұмар тағып жүрген недеген жынды. - Жұмабек баладай қарық болып күлді.

"Шәй ішіндер" деген Айша кемпірдің дауысы шыққанда Хамза:

- Қоңыр бие өзіңе олжа, ашуыңды шәй басады, жүр үйге, - деп Жұмабекті үйге бастады.

* * *

Күннің ыстық болатын түрі бар, жалқынданбай бірден шақырайып шықты. Мұндайда тынысы тарылатын Хамза тауға шығып, соның самалына кеудесін тосып, көлеңкелеу жағын паналайтын. Солай істемек болып далаға шыққанда Алмаш тайының жалын тарап, қантын аузына тығып тұр екен. Шалмен ілесе шыққан кемпірі Алмаш пен тайды көргенде есіне бірдеңе түскендей:

- Алмаштың атасы, осы үйде ала сиырдың басын байлайтын бір басжіп қалмады. Басын байламасаң сауғызбайды қарасан келгір. Мына тайды күзесеңші, қылдан басжіп есіп алайын, - деді.

- Жарайды, - деп шал келісімін бергенде Алмаш шыжақтап араға түсті.

- Жоқ, ата, мен тайымды күзетпеймін, жап-жаман болып қалады. Ана Жұмаш атаның тайын қарашы, күзелгеннен кейін қандай ұсқынсыз болып қалды.

- Жал қайтадан өсіп кетеді, - деп кемпір жұбатып басынан сипамақ еді, қыз атасына қашып барды.

- Жарайды, тайыңа тиіспеймін, - деді атасы қызы құшақтағанға көңілі жылып. – Апаң айта береді. Кемпес, саған қыл керек болса қоңыр атты тонайық. Менің ұсқынымды кетірдің деп ол өкпелемейді.

- Жарайды-жарайды, маған қыл болса болды. Көзіме көрінген соң айта салып едім, ренжіме құлыным, - деп шалды құшақтап тұрған қызды өзіне тартты.

- Бар, жайылсаңшы енді, - деп көңілденген қыз тайды кеудесінен итеріп еді, ол ойнақтап жөніне кетті.

Суға шомылып күн қақтаған денелері қара қайыс болған балалар үстерінде лыпадан басқа ештеңелері жоқ, тыраң-тыраң алысып-жұлысып көлге қарай кетіп бара жатқанын көрген Алмаш жүгіріп соларға қосылды. «Арпа ішінде бір бидай» дегендей тамам ұлдың ішінде жалғыз қыз - Алмаш қана. Бұл ауылда Алмашқа тете бір қыз жоқ, барлығы ұл. Олар мұны шет қақса: "Атама айтамын" деп қорқытады. Алпамсадай шалдың жанында бұл балалардың дәу-дәу әкелері баладай кішірейіп қалады. Ол шал бұларға ақырып көрмесе де, айбынынан қорқып, Алмаштың айтқанына көнеді. Оның үстіне мынау тайы да пәле болды, Алмаштың дауысы шықса жанына жетіп келіп, кім тиісті дегендей балаларға қарай бастайды. Қабатын ит сияқты қарағанда кейбір балалар ол жерден жылыстап кетуге тырысады.

Балалар құрандалы тақтайларды (кезінде сал болған ба, кім білсін) судың өздері бойлайтын жеріне дейін итеріп апарады да үстіне шығып суға секіреді. Бүгін де сол ойындарын бастап кеткен.

Оқыс болайын десе быламықтан тіс сынады деген бар, әулекі жел қайдан ойнақтап шыға келгені белгісіз, жабағы жалбыр бұлттарды жамбасына салып сүйреп келеді. Майда толқындар құрандалы тақтайларды бесіктей тербете шайқап тұрды да желдің ыңғайына бұрып берді. Ол ақырын-ақырын тереңге қарай кете бастағанын байқаған балалар суға секіріп-секіріп түсті де жағалауға

қашты.

- Мен жүзе алмаймын, маған көмектесіңдер, - деп шырылдаған Алмаштың дауысын естіп, қайта қайрылған екі бала салды кері итермек болып еді, оларынан ештеңе шықпайтынын білген соң, қазір үлкендерді шақыратындығын айтып, қозғалмай отыруды бұйырып, өздері жағалауға жүзіп кетті.

Ал, жағалаудағы балалардың бәрі "Алмаш суға кеттілеп" шуылдаған қалпында ауылға жетіп қалған. Үйлерінен апыл-ғұпыл шыққан кәрі-құртаң құлақтарына сенбегендей состиып-состиып тұра қалды да, бір-біріне жаутаңдап қарап қалған. Содан кейін балалардың соңынан Хамзаның үйіне қарай жүрді. Шулаған дауыстан секем алған Хамза далаға ытып шығып, өзіне таяп қалған баланы жалғыз қолымен іліп алып:

- Қайда?! - деді.

- Көлде... - Тыпырлаған бала көл жаққа қолын сермеледі.

Хамза баланы жерге қойғанда, үйден шыққан Айша қалтыраған буындарын баса алмай шөке түсіп отыра кетті. "Бұ Құдайға не жазып едік?" деген кемпірінің дауысы құлағына жеткенімен, Хамзаның қайрылуға шамасы келмей көлге қарай тұра жүгірді. Алғашында адымы ашылмай кібіртегендей еді, аздан соң еңкіш кеуде шалқайған сайын адымы да ашылып. әншейіндегі қорбандаған аю шал ертектердегі желаяққа айналып шыға келді. Ауылдың ең жүйрігімін деп жүрген баланың өзі оған ілескенді қойып, шаңын көрмей қалды. Сол қарқынмен келіп суға қойып кеткенде ғана есін жиды. Жүзе алмайтыны есіне түсті.

Сұп-суық су соғыс жылдарындағы Днепрдің жағасына алып келгендей болды. Денесі тітіркеніп, тап қазір соғыс болып жатқандай...

...Хамза Алматының Коммунистік жоғары оқу орнында оқып жүргенде Германия Кеңестер одағына тұтқиылдан соғыс ашты. "Отан соғысы" деп аталған бұл екінші дүниежүзілік соғыстан ешкім шеткері қалған жоқ. Курсант жастар бірден майдан даласына сұранғандарымен оларды әскер қатарына алмады. Бұларға оқу орнында да комунистік тәрбиемен бірге әскери дайындық жүргізіліп, бітірген соң кіші лейтенант шенімен соғысқа аттанды.

Алғашқы майдан шебіне келгенде "олар танкімен, біз жаяу, қалай соғысамыз" деп таңданысатын шақ жайына қалып, жаудың басын теріс қаратып, еліне қарай қуа бастаған кез еді. "Үш күннен кейін көрге де үйренетін" қазаққа қойдай көмпістігі мен жылқы мінез шалт қимылы соғыстың ауыртпалығы мен қиындығын жеңуге көмектесті. Хамза взводтың саяси жетекшілігіне тағайындалған. Жауынгерлерге майдан даласында не болып жатқанынан хабардар етіп, олардың рухын көтеріп отыру - оның міндеті.

Алғашында жараланғандар мен өлгендерді көргенде не істерін білмей жаны түршіккеннен көзін іле алмай үнемі үрей құшағында қорқып жүретін. Күнделкті тірлігің кісі өлтіру болған соң етің өліп, жауынды жаныштаудан басқаны ұмытады екенсің. Қанішерлік қаныңа сіңіп, өз өлімің кәперіңе кіріп-шықпай жауынды қалай өліруді ғана ойлайды екенсің. Хамзаның соғысқа келгелі түйгені осы.

Бүгін Хамза ойламаған жерде алдынан шыққан ажалын өз көзімен көріп, қандай амалмен құтыларын білмей дағдарып отыр. Мұның ажалы - буырқанған Днепр. Аунақшыған долы өзеннен қалай өтпек? Қызыл асығынан аспайтын суды ғана кешіп өскен Хамза үшін тірдей жұтатын аждаһа алдынан шықты. Арбаған жыландай шақырған суға денесі тигендей тітіреніп, бойы қалтырап кетті.

- Әй, не істеп отырсың? - деген дауысты естіген Хамза сасқалақтап орнынан ұша тұрды.

- Денис, - деді ол бұрын "жолдас командир" дейтін еді, бұл жолы атымен атап. - Мынандай өзенде жаяу кешіп өтетін жер бола ма?

Мұның сұрағын естіген Денис ішегі қата күлді. Содан кейін көзі жыпылықтаған Хамзаға қарап:

- Мына өзенді көрген бес жасар бала мұндай сұрақ қоймайды, есіңнен алжастың ба, - деді ол.

- Жаудың қолынан өлмей, суға кетіп өлген қандай жаман, сүйегім жер анаға бұйырмай балықтарға жем болғаны аянышты емес пе саған? - Оның көзіне мөлдіреп жас келді..

- Жауына жасын болып тиіп жүрген батыр жігіт осындай боркемік деп кім ойлаған?! Жолдастарың сені "Тайганың қожасы" деп бекер атап жүр екен, сен аю емес бақшадағы қарауыл ғана екенсің, - деп Денис ашулана сөйледі. - Өңкіген өгіздей болған түрінді ұрайын.

- Маған Құдай қаһарман болып өлуді жазбаған екен... – деп күрсінді Хамза.

- Неге? – Денис әлі де түкке түсінбей саяси жетекшіге қарайды.

- Қара күшің де, мылтығың да мына суға не қылады? Тіпті бомбанды да толғамай жұтатын пәле ғой бұл, - деп өзеннің күшін мойындағанда:

- Біз адам емеспіз бе, айласын табамыз, - деген Денистің сөзіне сенбей:

- «Осы аурудан қалсам, келесінің алды болып кетер едім» депті менің бір атам науқастанып жатқанда. Сол айтқандай осы судан өтсем... әй, өте алмаймын-ау... – Хамзаны әбден үрей күдік билеп алған.

- Оттама дедім ғой мен саған, оттама! Мен сені қайтсем де жағалауға жеткізем!

- Шын жеткізесің бе?

- Жеткізем дедім ғой, жеткізем.

- Жеткізіп, табанымды қара жерге бір тигізсең, немістің бір оғын саған жолатпаймын.

- Жаксы оққағар таптым-ау, - деп Денис қарқылдай күлді, аюдай гүрілдеп Хамза да оған қосылды.

Денис пен Хамзаның взводы түнде Днепрден өтіп, жау шебін кейін ысырып тастап, негізгі күш өткенше жауды шабуылға шығармай, тартып алған жерді қорғаныс қамалына айналдырып, тапжылмай ұстап тұруға бұйрық алған. Сен жүзе білесің бе, білмейсің бе, онда рота командирінің шаруасы жоқ, солдаттың міндеті - бұйрықты орындау.

Біріне-бірі тіркелген салдарды суға түсіргенде Хамза жалтаңдап Дениске қарай берді. Ол қолындағы арқандарды бір-бірлеп мұның беліне байлады да ортаңғы салға отырғызып алдыңғы салдағы солдатқа біреуін, соңындағы солдатқа екіншісін ұстатып, қандай жағдайда да Хамзаны құтқару керектігін ескертті. "Тайганың қожасы" өзімізге тап берсе қайтеміз деп шошып отыр едік, байлап қойғаны жақсы болды» деп біреуі әжуәләй сыбырлады. Тұмыққан күлкіні: "Өшір үніңді!" деген сыбыр жұтып қойды.

Бұлар бұйрықты бұлжытпай орындап, шабуылға шыққан Кеңес әскерлеріне жол ашты.

- Батырлар қорқақ болады деген рас қой деймін. - Денис көзін сығырайтып, Хамзаға қарайды. - Қайта қайтсаң қалай өтесің?

- Құдай мені батыр қылып жаратпаса қайтейін... Қайтарға қиналмаймын, Берлинді бомбалауға келген ұшақтармен қайтып кетем,- дейді Хамза.

Қас қағым сәтте осы бір оқиға көз алдынан өтіп, өзінің жүзе білмейтіндігін есіне алған соң алақтап жан-жағына қарап еді, өзінен кейін жеткен балалар екен. Қамысқа тіреле тоқтаған салдағы қызын көріп: "Әй, қозғалмай отыра бер, мен қазір", - деп қайта үйге қарай зымырады. Қоңыр ат неге есіне түспеген, алжыған деген осы ғой деп өзін-өзі жерлей бастады.

Ауыл жақтан шапқылап келген Ақмоншақ көлге қарап шоғырланғандардың қасына сәл іркіліп тұра қалды да көл жағалап шаба жөнелді. Тауға тірелген соқпақтан өте алмайтындығын сезгендей, топтың жанына таяғанда "Ақмоншақ, Ақмоншақ» деген дауысты танығандай елең етіп қарай қалды. Су жиегіне келіп, аяғымен тарпып-тарпып жіберді. Содан кейін ішін тартып қорс-қорс етті де суды жалдап барып жүзе жөнелді. Қарап тұрған жұрт тіпті шәлдірігі қалмайтын балаға дейін үркітіп алатындай тым-тырыс тына қалған. Сауырына су үйірген Ақмоншақ қыздың жанына жетіп барды.

- Айналайын жалына жармас, мықтап ұста! Айрылма, айрылсаң... - "Өлесің" дегенді айта алмай Жұмабек тілін тістеді.

Жалға жармасқан қыз сәлден соң үстіне шығып алғанда Ақмоншақ кері бұрылды. Тырбандаған қыз жалдың астына кіріп кеткендей көрінбей қалғанда жағадағылар жағаларын ұстаса да дыбыс шығара алмай шелейген көздері тайға қадалып қатып қалған.

Ақмоншақ бұларға қарай келе жатты да батысқа қарай бұрылды. Бұл жерде қамыс-қоға қақ жарылып, жағалауға ашық жол қалдырған. Сол қысқалау жолды таңдағанын білген балалар Ақмоншақтың алдынан шығуға тұра жүгірісті.

- Әй, мына көкшешектер, тайды үркітер ме екен, - деп күдік айтқан кемпірдің сөзіне құлақ қойған ешкім жоқ, жапа тармағай солай бет алғанда бірдеңеден құр қалатындай жаулығын жүре жөндеп өзі де қосылды.

Осы кезде қоңыр атпен құйындатып келген Хамза да көлге қойып кеткен. Кеудесін басқан ауыр салмақпен жүзіп кете алмаған күрең тік шапшып шалқалай құлады. Хамза тыпырлап су бетіне шыққанда қолында жүген ғана қалыпты. Матқапыда сағалдырығы салынбаған екен. Қоңыр аттың құйрығына

қолы ілікпеді. Суға бір батып бір шығып жүр.

Жұмабек суды кешіп барып Ақмоншақтың мойнынан ұстап, қызды көтеріп алмақ еді, екі қолымен жалдан мықтап ұстап, бір уыс жалды тістеп алған екен, дыбысы шықпай Жұмабекке жаутаңдайды. Бұл да көпті көрген көне көз емес пе, шошығаннан қолы қарысып қалғанын түсінді. Қызды сүйемелдеп, тайды жетелеп жағаға шыққанда соқталдай екі жігіт арыстай шалды екі қолтығынан сүйреп келе жатқанын көрген Алмаш:

- Ата! – деп бар дауысымен шыңғыра айқайлап жібергенде баланың денесі босаң тартқанын байқаған Жұмабек оны көтеріп қолына алды.

Хамзаны судан сүйреп шығарған екі жігіттің бірі судан құтқарылғандарға көрсетілетін көмекті жақсы білсе керек, ессіз жатқан адам лезде басын көтерді. Ол орнынан атып тұрғанда лақ етіп аузынан су төгілді. Онысына қарамай:

- Алмаш! – деді күркіреген дауыспен құлақты жарардай.

Жұмабектің қолынан тыпырлай босаған қыз:

- Ата, атам менің! – деп дауыс шыққан жаққа қарай зыр жүгірді.

Құлап қала ма деп қауіптенген Жұмабек екі қолын алға созып, қыздың соңынан бүкеңдеп желіп келеді. Алмаш атасының мойнына асылғанда ғана Жұмабек бойын тіктеп, екеуіне қарап рақаттана ыржиып тұрды.

Қауышқан ата мен баланың мейірі қанды-ау деген кезде Хамзаны судан сүйреп шығарған жігіттердің бірі:

- Ақсақал, Днепрден қалай өтіп жүрсіз? – деп қартқа күлімсірей қарады.

Енді ғана өзіне-өзі келген Хамза «Жұмабектен естіген бірденесін көкіп тұрма мынау» деген күдікпен бейтаныс жігітке барлай қарап алған соң:

- Қайдағы Днепрді айтып тұрсың, балам? – деді артық кетпей.- Екеуміз бұрын кездесіп пе едік, бірақ маған түрің таныс емес...

- Мен бұл жақтікі емеспін. Өскеменнен келдім, атым – Бекболат. Сіз Ұлы Отан соғысына қатысып, Украинаның Днепр өзенінен өткенде үлкен ерлік көрсеткен екенсіз...

- «Ерлік» дейді... Ерлігі несі... иә, сондай бірдеңе болған... ол қай заман... Соғысқаныңды айтшы деп мектептің балалары келуші еді, сен...

- Жоқ, балаларды жұмсайтын мен мұғалім емеспін, облыстық әскери комиссариатта қызмет істеймін. Сіз соғыс кезінде Днепрден өтіп, жау шебін бұзған ерлігіңіз үшін Қызыл жұлдыз орденімен наградталыпсыз, - деген кезде Хамза:

- Өзеннен өткенім рас, бірақ наградам жоқ, қарағым, өтірік айтып қайтейін, - деді қалбалақтап.

- Наградталғаныңыз рас. Міне, отыз жыл өткен соң орденіңіз өзіңізді іздеп келіп отыр.

- Астапыралла, не дейді?! - деп Хамза орнынан ұша тұрды.

- Сол бір соғыстың сұрапыл жылдарында көптеген жауынгерлердің наградалары тапсырылмай қалған. Соның бірі – сіз Хамза Хасенов жолдас. Облыстық ардагерлер кеңесі Ұлы Отан соғысына қатысқан жерлестеріміз

жайлы «Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды» деген атпен естелік кітап шығарғалы жатыр. Соған мұрғаттардан мәлмет жинау кезінде сізді Қызыл Ту орденімен наградтау туралы жарлықтың түп нұсқасы алынды.

- Орденің қайда, көрсетпейсің бе? – деп Жұмабек оған шыдамсыздана қарады.

- Оған асықпаңыз ағасы, жуықта облыс орталығында ардагерлер жиналысы өткізіледі. Сонда салтанатты жағдайда ақсақалдың орденін табыс етеді. – Жұмабек бастап жиналып қалған жандар қол шапалақтап қошеметтей жөнелді.

- Мен сіздің жағдайыңызды білейін деп алдын-ала келіп едім, ағын су болмаса, тоқтау суда жүзе алмайды екенсіз, - деп әзілдеді Бекболат.

- Әй, бала, менің тауықша жүзетінімді елге айтып қоятын болдың-ау, - деп әзілге әзілмен жауап қатқан Хамза жан-жағына қарап, баладай ыржалаңдады. «Құтықтаймыз, ата!» - деп шуылдаған балалар бірін-бірі кимелеп қартты құшақтауға тырысты.

- Ақ түйенің қарыны жарылатын күні аузыңнан сөз шықпайды ғой! – деп қыжыртқан Жұмабектің көмейін түсіне қалған Хамза:

- Ау, ағайын, той біздікінде, Алмашымның амандығына қоңыр атты соям. – Хамза ағынан жарылды.

- Кесімі үлкен, жылқының етін жазда сақтау қиындау, кішірегі дұрыс қой,- деп Жұмабек ақыл берді.

- Тайды айтып тұрсың ба? – деп Хамза Жұмабекке ажырая қарады. - Жоқ, Ақмоншақты қалай пышаққа қияйын, оның басынан өле-өлгенше құс ұшырмаймын. Алмаш пен Ақмоншағым аман болсын. Ал, не тұрыс? – Хамза тұрғандарды шолып шығып, үйіне қарай бастап жүрді.

* * *

Салқар дала көсіліп жатыр. Сонау қиырда өркештенген тауларды көк мұнар басып, көкжиекпен астастырып қойған. Аттың митыңдаған аяңымен ол көкжиекке жетуге асығудың қажеті жоқтығын байқаған Манарбек ат үстінде ұйқылы-ояу мүлгіп келеді.

Манарбек «Талапты» ұжымшарындағы нағашысының көңілін сұрауға барған. Кәрі кісінің ыңқыл-сыңқылы қалған ба, қазір пәни дүниенің қызығын күйтесе, сәлден соң бақиға кететіндей қоштаса бастайды. Көңіл сұраған көңілге жақсы, барғанына өкінген жоқ. Тек, тақымын таралғы қажай бастағанда нағашысына өкпелеп, «тау ішіне тығылмай, жазық жердегі ауылдарға қоңсы қонса несі кететін еді», деп салт атпен келгеніне реніш білдіреді. Мәшінмен сүт пісірімде жететін жер, бірақ тау жолы дөңгелекті көлікті менсінбейді. Сондықтан Манарбек көлігін тастап атқа міңгенде әкесі:

- Әй, бұл шалқайып жататын төрт дөңгелекті көлік емес, төрт аяқты мал, байқап жүр, бір жерде үркіп кетіп...

- Әкей, мен ат құлағында ойнап өскен қазақтың баласы емеспін бе, оның

үстіне қолым ат жалына тисе айрылмайтын Алмаш құрлы шамам бар шығар. – Ол қарқылдай күлген.

- Өй, жаман неме, - деп жымың етті Хамза. – Көптен мінбеген соң тосырқап қалған шығарсың деп айтып жатқаным ғой.

Бұл атқа мінгенде әкесі:

- Орыс болып кеткен, түге. Қазақ ердің қасынан емес аттың жалынан тартып мінеді, - деп теріс айналды.

- Бәрібір емес пе, - деп бұл жүріп кеткен.

Міне, ауылға қайтып келеді, қатты жүрсе өзіне жайсыз, ақырын жүрсе өнбейді, іші пысып әрең келеді.

Кенет құйрығы қопаң еткен ат етбетінен түсердей сүрініп кеткенде Манарбек құлап қала жаздады. Ол әрең түзеліп артына мойнын бұрғанда басын көбік басқан бураның ұмтылып келе жатқанын байқап, атына қамшы басты. Ақбоз ат сағымдай сырғанап, маң даланың апшысын қуырып, жел тұрғызғанда жігіттің көзінен жас парлады. Әлден соң атының басын тартып, артына қарап еді, бура бұлдрап көз ұшында қалыпты. Аттың құйымшағында бураның әлі кеппеген көбігі қалыпты.

Бұл маңда түйе өсіретін шаруашылық жоқ. Мұның қайдан келгенін білмей таңырқаған жігіт көргеніне сенбегендей қайрыла көз жіберді. «Жау жоқ деме – жар астында, бөрі жоқ деме – бөрік астында» деген осы-ау. Қарадай бураның астында тапталып қала жаздады.

Жігіттің астындағы ақбоздың еті қызды ма, ауыздығын қаршылдата шайнап, төрт аяғын билей тастап, көлденеңдей жүріп артына қарағыштай берді. Оны басқаша түсінген иесі мойнынан алақанымен сипай қағып:

- Әй, Алмаштың Ақмоншағы өзің қорқақ екенсің ғой, мойны сорайған алқам-салқам түйеден қорқып жалтаң-жалтаң қарайсың. Ешкімге салт мінгізбей, арбаға жеккізбей жүрген Алмаштың ерке ақбозы қыз сияқты қорқақ болғаның ұят емес пе. Анада саған әкейдің: «Өй, өңкиген неме, сен әлі таймын деп жүрсің бе, бесті болдың, сонда да қалтамды тіміскілейсің, қазір Алмаштың өзі менен дәмәтіп кәмпит сұрап, қалтамды ақтармайды» дегенін естігенде күліп едім. Расында сен қорқақ құлын сияқты екенсің ғой, бүгін байқадым, - деп іші пысып келе жатқан Манарбек ермек тапқанына көңілденіп, астындағы атына бұдан басқа да біраз әңгіменің басын қайырып, ауылға жеткенін де байқамай қалды.

- Ат-көлігің аман келдің бе? – деген әкесінің дауысына аттан түсіп жатқан баласы мойнын бұрып:

- Аман, әкей, ассалаумағалейкум! – деді ұлы сәлем беріп. – Бала кезімізде атқа мінгенше асығушы едік, салт аттың күні өткенін бүгін білгендеймін.

- Қазақ болсаң мінбейсің атқа неге,

Ақын болсаң айтпайсың жатқа неге,

Торғайға тойынуға келіп қапсың

Қаладағы қаңғыған қатпа неме, - деп сынаған екен Нұрқан ақын бір інісін. Сен «қазақпын» деп атқа мініп кетіп едің... – Әкесі қарқылдай күлгенде

жақтырмай қалған баласы:

- Әкем қызық осы, мені мазақтағаннан басқа жұмысы қалмағандай,- деп күбірлеп аттың ерін алды.

- Арқасын алақаныңмен қағып-қағып қой, жел көтеріп кетпесін, - деп нұсқауын айтқан қарт өз жөнімен кетті.

Ақмоншақ қолдан босаса да кетуге асықпай керіліп-созылып біраз тұрды. Жалтаңдап есік жаққа қарап қояды, бірақ одан ешкім шығып бұған тәтті ұсына қоймаған соң керенау қозғалып, көктікке барды да аунады. Аунап болған соң төсектен тұрғысы келмген ерке баладай аяқтарын созып жіберіп қыбырсыз жатты. Бір кезде атып тұрып, дүр сілкінді. Жал-құйрығы таралып, жылқы өз сәніне келгендей болғанда Қымыздықсайға қарай желе шоқытып бара жатты. Содан қыр басына шыққан ат мойнын сәл иген қалпында сілейіп тұрды, қозғалмайтын тас мүсінге айналып кеткендей.

- Ақмоншақ тау басында қозғалмай тұр, болдыратындай мен қатты жүргем жоқ, әлде жылқылар солай жусаушы ма еді? – деді Манарбек.

- Солай да жусайды-ау, бірақ сен ол жақта айғырлармен таласқанын көрген жоқсың ба? – деп әкесі оған күле қарады.

- Мен айғыр таластырып, әтеш төблестіретін бала ма екем, қызықсың, әкей,- деп баласы қомпылдап қалды.

- Мана көзі шатынап тұрғанын байқасам да мән бермеген едім, - деп Хамза баласының сөзін естімегендей өз алдына сөйлеп кетті. – Сен қамшымен орынсыз ұрған боларсың...

- Ұрғам жоқ, атқа қамшы салмаса оны неменеге ұстайды? – деп Манарбек әкесіне өкпелей тіл қатты. – Ә, ұмытып барады екем ғой, жолда бір бура кездесіп...

- Не дейді?! Бұл маңдағы түйені Хрущевтің жарлығымен баяғыда құртқамыз, сен не оттап тұрсың? – деп шал дүрсе қоя берді.

- Апыр-ау, мен көргенімді айтып тұрмын. Жолда бір бура Ақмоншақтың құйрығынан крандай көтеріп тоңқайтқанда мен құлап қала жаздап әрең құтылдым.

- Ана байғұс соған ішқұста болып тұр екен ғой... Қайдан келген бура?

- Білмеймін. «Ішқұста» болатын ол адам емес, әлде атыңда адамның миы бар ма?

- Сол жануар сенен ақылды ма деймін. «Көрмес түйені көрмес» деген рас-ау, ат-матыңмен құлатқанша қайда қарағансың?

- Көргем жоқ.

- Қалай шешеңе тартқансың. Қолы қалтаңдап ол байғұс шыныаяқты түсіріп сындырып алады да «көргем жоқ» деп шыға келеді. Артынан кім сындырған? – деп сұрайтынын кайтерсің.

- Қартайған шал қазымыр болады деген рас па, әкей? – Не жауап береді дегендей әкесіңе сынай қараған баласына:

- Қартайғанда «қара бас» әкең болады деуші еді, сол рас қой деймін... –

деген әке сөзінен «балаң ақылшы болады» дегенді ұққан Манарбек:

- Жеңілдім, әке, жеңілдім, - деді күліп.

- Сенің жеңетін күнің алда, - деп алдарқата күліп қарт үйге кіріп бара жатты.

«Ішқұса болып тұр» деген әке сөзі есінен кетпеген Манарбек таң атар-атпаста Ақмоншақты іздеді. Ауыл жылқыларының арасында жоқ, осы маңда жайылар деген жердің бәрін шолғындаған соң әкесіне келіп:

- Ақмоншақ жылқы ішінде жоқ, - деді.

- Сен қашаннан бері бақташылыққа шығып, мал іздейтін болғансың, - деп әкесі оған әжуалай сығырайды. – Ауданға барамын деп жүргенің қайда? Атпен барайын деп пе едің?

- Жоға да. Атқа мінем деп екі тақымым ашып, май жағып шалбарымды әрең кидім. Қазір ауданға мәшінмен кетем.

- Сен кетпей тұрғанда Жұмабектің атын сұрап, ерттеп әкел. Бермесе кепкен ауыз бір аяқ қымызсыз қалады. Торы биені байлаудан босатып мініп кетем, ұқтың ба?

- Қазір бәрін істеймін, - деп Манарбек шыға жөнелді.

Ақмоншақ бураның келе жатқанын сезгенімен қауыптенбеген, өйткені осы уақытқа дейін жанына бататындай ешкім ештеңе істеген емес, бір үйдің ерке баласындай мәпелеумен өсті. Бураның тісі құйрығына тигенде тұщы етіне ащы таяқ тиген баладай құсталанғанымен иесінің ырқына бағынып қашып құтылды. Ашу қысқан Ақмоншақ ауыздығын қашырлата шайнап бураның қай маңда қалғанын бақылап келе жатқанын иесі қайдан білсін, күбір-күбір сөзінен оның бұған көңілі толмағанын түйсінді. Көзі қанталап шатынағанымен иесін айдалаға тастап кете алмай оның ырқына бағынды.

Иесі ерін алып, босатқаннан кейін Ақмоншақ сауыр жағынан шығып тұрған бураның иісін кетірмек болып, көктікке тәуір-ақ аунады, бірақ кетер емес. Содан ол қырға шығып желдеп тұрды, бірақ сол иіс түйтігін шабақтады. Шоқырақтап сәл шапқанда қонақ болған ауылда мұны қашып кетер деп далаға жібермей, ақ сұлыны алдына төгіп қойып еді, іші қорқылдап әлі де қорытылмағанын байқаған соң, нәр татпай сұлық тұрды.

Мұның құйрығынан тістеп қопаң еткізген мақұлықтың оңай жау емкстігін бұл бірден байқаған. Бураны іздеп бармасына болмайды. Тып-тыныш айдалада келе жатқан бұған неге әлімжеттік жасамақ болды. Үйірге таласатын өз тұқмынан мүлде өзгеше, бұрын тіпті де кездескен емес. Өзіне тепірес көрсетпек болған немеге бұл өз тегеурінін көлденең тартпаса үйірден қуылып, қай жағымнан айғыр келіп қалады деп жалтандаумен күн өткізетін сәуірік сияқты жалтаңкөз тірлікке көшетіндей. Ондай болғысы келмеген өр кеуде өрлігін сақтап, түйсігі түртпектеп айқасқа итермелейді.

Ақмоншақ түні бойы қыбыр етпей сілейіп тұрды. Таң құланиектенгенде ғана салбыраған мойнын тіктеп басын көтерді. Орнынан қозғалып екі-үш аттаған соң дүр сілкінді, марғау тартқан денесін ширатып, ұйқысын ашпак

болған шығар. Кешегі ақ сұлыны көмейлеткеннен мешел баланың шермендеген ішіндей салпиған қарыны да тартылып оқтудай болып қалғаны өзін-өзі жаратқанының нәтижесі болар.

Мойнын бұрып, арқасын қасыған жануардың есіне бірдеңе түскендей бірден бойын жиып күн шығар жаққа шатынаған көзін қадаған Ақмоншақ жүрісін адымдап бастады, содан кейін біраз шоқырақтап жазыққа түскен соң түлкі қуған тазыдай құйрығын шанши серпіп көсіліп кетті. Тасырқамасқа тағалаған тағадан шаң емес, кара жердің құйқасын күрекпен қазғандай ойып-ойып лақтырып барады

Жалғызтастың бауырына жеткенде ғана қарқынын жоғалтып бәсендей берді. Қыраттың қырқасына шыққан соң тоқтап, осы мен дұрыс келе жатырмын ба дегендей жан-жағына қарады. Бұдан соң қазмойнын созып көсіліп жатқан Сарыөзектің жазығына көз жіберді. Маң даланың сарғыш селеуімен сазарған түрінен басқа ештеңе көзіне шалынбады.

Аптығып жеткенде алапат күштің иесі әпігін басып тастамас үшін шаршамай барудың қажеттігін түйсінгендей аяңға көшті. Құлағына дейін тер жауып еді, басылған соң денесі жеңілдеп, ойнақы қалыпқа көшкендей. Сонда да асықпай аяндап жазыққа бойлай енді. Жегісі келмесе де кейде шөп басын шалған болады, еріккеннің ермегі тәрізді.

Ақмоншақ дйттеген жеріне жетіп қалғанын байқап бірден бойын жинады.

Сарыөзектің ен жазығын кесіп өтетін өзен болған, бірақ ғасырлар бойы аққан судың да құрдымға айналар кезі жетіп, өзеннің арнасы ғана қалған, жазғытұрым қар суымен жан бітеді де жаз бойы ернеуі кеберсіп, қаңсып жатады. Соның жарқабағында тұрған бураны көрген Ақмоншақ денесін тіктеп, жүрісін ширатты.

Бура да мұны алыстан байқаса керек, шөккен қалпында иір мойнын жыланша бұрып қараған соң тура өзіне келе жатқанын сезгендей аунап-аунап алды да орнынан ширақ тұрды. Содан кейін артқы аяқтарын талтайтып, алдыңғы аяқтарын жинап артқы аяққа жақындатқан соң күркіреп аппақ жынын бұрқыратты. Шолақ құйрығы шолтаң-шолтаң шабын сабалап тыным таппайды.

Әудем жер қалғанда Ақмоншақ ойқастай тоқтады. Бура да шабынғанын қойып, атқа бүйірін тосып көлденеңдей берді. Ол мойнын бұрмағанмен ақбоздың қимылын жіті бақылап, қалт жібермейді.

Келсең кел деп тұрған бурадан енді тайсақаудың қажеті жоқтығын түйсінген ат көлденеңдеп тұрған бураны қағып өтердей құйындата жөнелді. Бура да желмей қарсыласына атша шапты. Бір-біріне бетпе-бет соғылуға таяй бергенде ақбоз жалт беріп, жанынан өте берген бураны қосаяқтап тепті. Бура да жалт бұрылғанда ұзын мойны мұның бөксесіне тиіп, бұрып тастады. Ширақ та шалт қимылдың қажеттігін түйсінген ақбоз басқа айғырлармен таласқандағы әдісіне бағып желкесінен алып еді, өзін шалқасынан түсіре жаздаған соң ытқып кетті. Сонда қабырғасына бураның майтабаны серіппесіз тисе де жанын көзіне көрсетті. Қатты серпінмен тисе мұның қабырғасын күйретеді екен.

Ойқы-шойқы жаратылған мына мақұлық сырт көзге керенау қозғалыстың иесі сияқты көрінгенімен шапшаң қимылдайды екен, ақбоз бен арпалысып, даланың ойран топырын шығарды. Содан кейін шаршады ма, шабуылдаудың оңтайлы сәтін іздеді ме, әйтеуір шабынып, орнында тұрып алып, ойқастаған атпен бірге ұршықша үйірілді. Шабынған бура тап қазір жолбарыстай атылуға әзір, өйкені алдыңғы аяқтарын артқы аяқтарға қарай жинастырып алған.

Ақмоншақ түйенің мына қылығын түсінбей, айнала шауып, шапшаң жақындап, жалт беріп теуіп өтеді. Сөйтіп қашқақтай тепкілеп жүріп жардың жағасына келіп қалғанын байқамапты. Бураның ойы да мұны жарға жығу екен. Атыла ағындап келіп кеудесімен қақпақ болғанда ақбоз лақтай секіріп кетті де тосқауыл болар ештеңе жоқ, бура екпінімен жарға домалады. Ақмоншақ құлаған бураның жанына келіп иіскелеп байқаған соң, оның басын алдыңғы аяғымен шөп тебіндегендей тарпып-тарпып көрді. Бура қыбыр етпеген соң екі аяғымен кезек басып билеп тұрғандай болды.

Екеуінің айқасын қиырдан көзі шалған Хамза астындағы шабдарды борбайлай қамшылап, ақсүмек қылып жеткенде бураның басын мыжып тұрған Ақмоншақты көріп, көңілі жайланған соң:

- Өй, хайуан, мұның не? – деген Хамзаның дауысын естігенде Ақмоншақ бірдеңені бүлдірген баладай жасқанып, әрі қарай кетіп қалып, бұған мойнын бұрды. Иесінің дауысынан ренішті байқамаған ол Хамзаға жақындады. Ол болса бұған:

- «Өлген бураның басынан тірі атан қорқады» дегенді сен білмейсің ғой. Білмеген соң оны өлтіріп тындың. Ол сені өлтіре ме деп қауіптеніп едім. Сені өлтірсе оның бас сүйегін мылжалайын деп тақымыма мына шокпарды қыстырып келіп едім, - деп Хамза Ақмоншақ түсінетіндей сөйлеп тақымынан суырып кемпірінің насыбай үгетін шокпарын көрсетті. – Сен антұрған, қарап жүрмей, бір түйенің құнын менің мойныма жүктедің. Иесі келіп қалса даудың көкесі басталады. Түс, алға кеттік...

Хамза ат басын ауылға қарай бұрғанда Ақмоншақ алға түсіп желе шоқтытып ұзап кетті де иесін күтіп шөп басын шалды. Манағыдай емес, қарны ашқанын енді ғана сезген жануар қарпи бастады.

«Құдай-ау, мал екеш малда да намыс болады екен-ау, мен оның жанында адам емеспін бе, адаммын...»

Ол ұзын сонар ой құшағына кетті...

Хамза соғыстан оралғанда шаруашылық жұтаған, аш, жалаңаш адамдар жүдеген, қаншама шаңырақтың түтіні өшкен, тек ауылдың жанындағы пәниден бақиға көшкендердің мекені – бейіттің көлемі өскен.

Соған қарамастан мейірбан жандардың мейірімділігі оның жабырқау жанын жадыратып, соғыс қиындығына қарағанда шаруашылықтың жағдайын жақсартып, халықтың тұрмысын түзеу оп-оңай көрінген. Бірақ іске келгенде тым қиын болды.

Ұжымшардың жарғысы бойынша бастық сайланады, бірақ аудандық

партия комитеті біреуді тағайындап алып келеді де «мынаған дауыс беріңдер, кім қарсы, бірауыздан қабылданды» дейді. Оқыған білімді, соғыс ардагері, коммунист Хамзаны бастық қоймағанда аудандық партия комитеті кімді қойсын. Бұл бастық ретінде әр адаммен тіл тауып, науқандық жұмыстарға жұмылдыра білгендігінің арқасында алды жүріп аудандағы озат шаруашылықтардың қатарына қосылды.

Хамзаның жадынан әлдеқашан шығып кеткен Ақмоншақ қыз алдынан шыға келгенде бұл не істерін білмей аңырайып тұрды да тез есін жинап:

- Ақмоншақ аманбысың, қалың қалай? - деп ескі танысын көргендей құшақтауға ұмтыла беріп еді:

- Мен Ақмоншақ емеспін, - деген қыз кеудесінен итермей қымсына иілді.

- Қалайша Ақмоншақ емессің?! – деген Хамза құшақтағанның мезіретін жасап, қызға еңкейген қалпы зерттей қарады. «Байға тиген Ақмоншақ осы уақытқа дейін өзгермей қалуы мүмкін емес» деген ой қылаң бергенде қыз алдындағы ұяты қысып, тілі күрмелді.

- Ағай, менің атым – Айша. Ақмоншақ деген менің туысым тұрмақ танысым да жоқ. – Қыз мінезі ашық екен сықылықтай күлді.

- Менің атым – Хамза.

- Сіздің атыңызды енді ғана естіп тұрмын, ешкім атамайды, бәрі «бастық бала келеді, басық бала айтты» деп жатады. «Баласы» қандай деп жүрсем...

- Соқталдай жігіт пе екен, Ақмоншақ? – Хамза абдырап сөйледі.

- Мен Ақмоншақ емеспін, Айшамын дедім ғой сізге.

- Сен бәрібір Ақмоншақсың, - деді Хамза.

- Мен бәрібір Айшамын.

Мұның соңы әзілге айналып кетіп, әзілдің соңы көңіл жарастығын тудырып, Хамза мен Айша тұрмыс құрды. Бірақ көпке дейін балалары болмады. Ауылдың сыпсыңсыз жүрмейтін жел ауыз әйелдері «пұшпағы қанамаған қатыннан егіз тапқан ешкі артық» дей бастаған кезде жалғыз ұлдары Манарбек дүниеге келді.

Шаруашылығы өрге өрлеп тұрған Хамза жоғары партия мектебіне оқуға түсті. Партия оның еңбекқорлығын бағалап, Тарбағатай ауданына партия комитетінің бірінші хатшылығына жіберді. Мұнда бұрынғыдай бір ғана шаруашылық емес, тұтас ауданды басқару алғашында оңайға соқпағанмен жанашыр болар жақсы адамдардың көмегімен бұған да үйрене бастаған кезінде облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Протасовтың өзі келіп, бұл басқарып отырған аудан жағдайымен толық танысатындығын хабарлады.

Бұл тексеріс жайдан жай емес, аудан домалақ арыз жазудан облыс бойынша алдына ешкімді түсіріп көрген емес. Сондай бірдеңемен келе жатқанын түсінген аудан басшылары көл жағасына киіз үй тігіп, Протасовты қарсы алуға дайындалды.

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында баласы орысша білетін қазақтар мақтанса, бұл кезде бесігінен орысша тәрбиеленген қазақтар бір-екі сөйлем

құрап айтуға шамасы келген баласына «қазақша біледі» деп мақтануға жеткен. Ал, орысша тәрбиеленген қазақ бастықтарының тасы өрге домалап тұрған.

Елуінші жылдары әлемге социализмді танытқан Сталин көсем орыстарға «Ұлы орыс халқы» деген баға берді. Тең деп жүрген одақтас республикалардан Ресей ағалық басымдыққа ие болды. Қазақ азаматы қанша мықты болса да орынбасарлықтан аса алмады. Оның үстіне тың игеру кезінде қоныс адарып келгендердің басымдығы сондай, қазақ өз елінде азшылыққа айналды. «Орыс не айтады» деп жалтаңкөзге айналған қазақтардың обком хатшысы келеді дегенде ерекше дайындалғандығының бір себебі осында жатыр еді. Оның үстіне бұл хатшыны Мәскеудің өзі жіберген. Сүйеніші СОКП Орталық комитетінде болғандықтан ешкімнен жасқанбай арақты атша ішетін. Протасовтың жалғыз ұлы наркоман болып, қала аптекаларын талқандап жүрсе де ішкі істер басқармасының қызметкерлері маңына жоламайтын. Ішкі істер басқармасының генералы Сексенов Протасовпен арақты бірге ішіп, оның бәтінкесінің бауын байлап беретін досы еді.

Қара «волга» келіп тоқтағанда аудан шаруашылықтарының басшылары, партия комитетінің хатшылары Протасовты тік тұрып қарсы алып, киіз үйге Хамза бастап кіргізді. Кілем үстіне алыс жолдан шаршап келген бірінші хатшы демалап алсын деп көрпе жастық қойылған. Протасов шынтактай беремін деп басын керегеге соғып алды. Арақ ішіп алғаны байқалып қалған соң «орындық қоймаймысың» деп ашуланып Хамзаны жағынан салып қалды. Намысқа қызған Хамза да қарап қалмай күректтей алақанымен бетінен сүртіп жіберді. Үлкен бастықтың алдында кішіреюге жігіттік намысы жібермеген.

Протасов далаға бірінші атып шығып, қара «волгаға» отырды да Зайсан ауданына жол тартты. Екінші Хамза шығып, ақ «волгаға» отырып аудан орталығына қайтты.

Не болып, не қойғанын білмеген жұрт аң-таң. Аздан соң есін жинаған бірі:

- Әй, қонаққа деп әзірлеген асты тастап кетеміз бе, қонақтан түсірген – жаудан түсірген, өзіміз кірісейік, - деп бастаған жігітке бәрі қосылды. Сөйтіп бұлар екі бастықтан айрылып, өздері жырғап қалды.

Мұның арты біраз шуға айналар деп күткен жұрт ештеңе болмағандай қызмет бабымен Хамзаның Алматыға ауысқанын естіді.

Хамзаның жалғыз ұлы Манарбектің де мектеп бітіретін кезі болып қалған. Таңдаған оқу орнына үйде жүріп тапсыратын болды деп Алматыға көшкендеріне Хамза мен Айша қуанды.

«Адамның басы - алланың добы» дейді мұсылмандар. Ал, «коммунистің басы – партияның добы» екенін Хамза Қазақстан Орталық партия комитеті оған Қызылордаға жолдама бергенде ғана түсінді. Бармаймын деп бас тартсаң жүгенін сыпырып, бос жіберген аттай партбилетінді алады да босата салады. Бұдан соң жұмыс тауып көр, сотталып келгендерге жұмыс тауып беретін өкімет партиядан шыққандарға алапеске ұшырағандардан сақтанғандай маңайына жолатпайды. Сондықтан жан тәтті болса да, қатты жарлықты орындауың керек.

Манарбек Абай атындағы педагогикалық институтқа түскен соң Хамза жұбайын ертіп Қызылордаға тартты. Мұнда алғашқы келгенінде жақтырмаған кейбіреулер «Шошқа етін жейтін шығыстан келіпті» деп сөз шығарғанымен Хамза оған мән бермей, өз ісін жақсы біліп, сүйіп атқаратындығымен, жұртпен дөрекі сөйлесе алмайтын жұмсақ мінезімен, кіммен де тіл табысатын бауырмалдығымен ел сыйлайтын азаматтардың біріне айналды.

Хамза өзінің шығыстан келген найман екенін ұмыта бастаған кезде Алматыда идеологиялық хатшылардың семирары өтетін болып, соған барып қатысатындығына қуанып үйіне келді.

- Мені Алматыға шақырды, - деді Хамза қуанышты хабарын жеткізіп.

- Не жұмыспен? - деді жұбайы

- Семинар болады.

- Қонаев саған орнын бергелі жатыр ма деп ойлап ем...

- Сен осы қыршаңқы аттай қыңыр сөйлегенінді қоймадың-ау.

- Мұнда мал жемейтін шөңге деген шөп бар екенін, балта өтпейтін, өзін-өзіне тоқпақтасаң быт-шыты шығатын сексеуіл деген ағаш бар екенін жиырма жыл зерттеп білдік. Жететін шығар... «Шақырды» дегенге ел жаққа жібере ме деп дәмеленгенім жәй нәрсе болды ғой. – Айша көңілдегі кірбеңін ақтара салды.

- Шыда жаным, зейнеткерлікке қозы көш қана жер қалды. Сағынсаң еңбек демалысыңды алып, барып қайт, - деп Айшаны жұбатқан Хамза өзінің де туған жерін сағынып жүргенін енді ғана сезгендей.

Қызылордадан кейін Хамза Алматыны мүлде тосырқап қалған екен. Қоңызша домаланған көп мәшіннен көзі сүрініп, көшеден өтудің өзі қиынға соққанымен екі-үш күнде еті үйреніп, ескі достарымен жас кездегілерін еске алып, бір сарынды өмірден бұйығы тартқан көңілі серпілген Хамза біраз достарының басын қосып мейрамханаға шақырды.

Мейрамханадан қызара бөртіп шыққан жігіттер осы тойғанымен тарқап кетпек еді, Бұғылыдан келген Кенжебек:

- Жігіттер, мен елден алып келген бұғының мүйізінен жасалған дәрі бар еді, - дегенде тұрғандардың бәрі елең етіп:

- Оны қайтадан еліңе алып кетуші ме едің, жүр саған кеттік, - деді Кенжебектің келісімін алмастан.

Олар әбден көңілденіп алған, біреуі бірдеңе айтса баладай мәз болып қауқылдасып Кенжебектің бөлмесіне кірді.

- Кәке, мынау сізге, жеңгеме жарамай жатсаң көмектесер, - деп арақтың кішкентай шөлмегіне құйылған пантыны Хамзаға ұсынды.

- Жасы келіп қалған Кәкеңе бергенің дұрыс, ал бізге қайда? – деді біреуі.

- Сендердің әлі жауқазын қазатын кездерің емес пе. – деп күлді Кенжебек.

- Дәл солай, жаңа ғана Өсер баламды сағындым, шешесінде шаруам бар еді деп келе жақан...

- Шаруа қамын ертеден ойлаған осыныкі дұрыс, - деп барлығы ду күлді.

- Онда сендерге мынау тиесілі, - деп Кенжебек бір шөлмек коньякты столға

қойды.

Сол кезде дембелше келген қараторы адам есіктен кіріп келе жатты. Ол бұл кім деп тосырқай қарағандарға күле дауысап:

- О, бізге қонақтар келіп қалыпты ғой, барлығыңа сәлем! – деді. Қалтаңдаған қимылына қарағанда бұл да сау сиырдың боғы емес екені көрініп қалды.

- Ағай, келіңіз үстелге, бұл кісі ішкі істер басқармасында істейді, - деп Кенжебек таныстырғанда Хамза:

- Астапыралла, бізді ұстауға келген жоқ па, - деді күліп. Қараторы кісі бұған одырая қарап қойды да қойнынан бір шөлмегін шығарып:

- Жігіттер, танысқанымыз үшін, - деді алтын тістерін жарқыратып.

Той-думан енді басталды. Бір-біріне сөз бермей қызыл кеңірдек қызды. Хамза ішіп алса өзінің сүйіп айтатын:

«Атыңнан айналайын, Қарқаралы,

Сенен бұлт, менен қайғы тарқамады» - деп Мәдидің әнін күркіреп бастап кетті.

Ән біткенде қол соғып, қолпаштағандардың бірі:

- Мәди банды болған ғой, - деп білгішсінді.

- Банды болған жоқ, батыр болған.

- Онда неге қайта-қайта абақтыға түскен? – деп оған сынай қарады.

- Өзі батыр, өзі әнші сері жігіт бұрынғыдай кең даланы кезіп жүргісі келді.

Бұл кедей өкіметінің саясатына қайшы еді. Оны банды деп түрмеге қамайды. Ол қашып кетеді. Ұстап қайта алып келеді де «түрмеден қашты» деп орыс офицері «Енді қашып ешкімді мазаламайсың» деп есік алдынан сідік шаптырым шығарып, атып тастағанын көзімен көрген адамнан естігем. Әйтпесе ол қайдағы банды, ақын емес пе, - деп түсіндірді Хамза өз білгенімен.

- Ақын банды болмады деймісің, Шәкерім де банды болған.

- Қай Шәкерім?

- Шәкерім Құдайбердіұлын айтамын. Мен оны өз қолыммен атқанмын, - деп қараторы жігіт күпшіп шыға келді.

- Шәкерімді атқан Қарасартов сенбісің? – Хамза орнынан ұша тұрды.

- Тап солай, собственный персон, - деп кеудесін шұқыды, сонысын мақтаныш көретін сияқты.

Бұл онсыз да еліріп тұрған Хамзаны шегінен шығарды.

- Абайға қамшы үйіріп, Шәкерімді атқан ақымақтардан көретін болдым ғой, - деп кеудесінен бүре ұстап өзіне тартып алды да жақтан осып жібергенде орындығымен қоса домалады. Ол тұра салып Хамзаға жармасты. Көйлектің түймелері бытырлап түсіп жатты. Айналаны мұрыннан аққан қан жапты. Алғашында аңтарылған жігіттер енді екеуін арашалаймыз деп өздері жығылып-сүрініп, қым-қуыт, у-шу болып кетті.

Милиция қызметкерлері сау етіп жеткенде бұлар да сап тыйылды.

- Көрсетермін сен итке! – деді алтын тісі жоқ Қарасартов ысылдап.

- Бірден мойныңды бұрай салмағаным өкінем, - деді Хамза.

Ертесіне жынын алған бақсыдай басының мыңғы-дыңғысы шығып сөлбірейіп отырған Хамзаның бөлмесіне Кенжебек келді. Ол сөзді неден бастарын білмегендей сәлемнен кейін сәл іркіліп барып:

- Ұят болды-ау, - деп өкініш білдірді.

- Ұят ештеңесі жоқ, қазақты құртқан осылар. Қазақтың дәнішпан ақынын өлтіргенін мақтан көреді өзі. Фашистің мойнын бұрағандай бұрай салуға ар-ұятым жібермеді, - деді Хамза.

- Мынандай бір әзіл бар еді. Милиционер үйіне кіріп келсе әйелімен бір еркек жатыр екен. Ол тапаншасын суырып, жігіттің жанына жетіп келеді де: «Сен итті осы жерде атып тастар едім, партиялық ожданым жібермейді» дегенде, әйелінің ойнасы қуанып кетіп: «Жасасын коммунистік партия, жасасын!» деп ұрандап шалбарын жүре киіп, шыға жөнеліпті.

- Қазір партиялық ождан туралы ойлап тұрғаным жоқ. Менің Қадылбек деген ағайым: «Бір торайға тұрмаған партбилетінді ұрайын, оны не қыламын» депті. Сол айтқандай ол ақымақтың аузын менің партбилетім қорғап қала алмады. Құдіретті ақынның аруағына бір жапырақ билетті қимасам ез болып өлгенім емес пе. Езіліп өлгенше, ерлерше езіп өлтіргенім дұрыс, өкініп отырғаным жоқ.

- Кәке, шынымды айтсам, оны сіз істемесеңіз, мен істейтін едім...

- Қой-ей, саған сенем, бірақ сенің балаларың жас, қызықтарың алда... – Хамза ауыр жүктен құтылғандай жеңіл тыныстады.

Қонақүй әкімшілігінен аптығып кірген қыз:

- Хасенов жолдасты Орталық комитетке Сивиридов шақырып жатыр, - деп әскери тәртіппен айтқандай сақ-сақ еткізді.

- Шалбарымды шешіп барайын ба, әлде өздері шеше ме? – деп Кенжебекке қарап әзілдеген Хамза киіне бастады.

- Қазақ емес орыс хатшысына тап болған екенсің, оңай құтылмайсың-ау, - деп Кенжебек күдік білдірді. – Дегенмен сәттілік тілеймін.

- Жанымызды шүберекке түйіп, қан майданға да кіргеміз, содан қиын болып па, тәйір деген. – Хамза өзіне сенімді екенін көрсетті.

Хамза Үкімет үйіне қарай сылбыр басып келеді. «Ақталсам ба, не деп ақталам? Араққа жапсам ба, ол ақтап ала алмайды. Қазақтың құдіретті ақынын атып өлтірген хайуанды тәубесіне түсіріп қойғаным дұрыс болды. Құдай өзі берген жанын өзі алады, неменеге жүнжіп келем. Партбилет. Қадылбек ағайдікі дұрыс. Ден сау болса екі қолға бір күрек табылар. Ақын өлсе де аруағы күшті екенін қанша ит болса да есіне алып, бұдан кейін ойлана жүрер...» Ол ойынан сергіп есік күзеткен милиционерге:

- Екінші хатшының шақыртуымен, - деді.

- Білем, тосып отыр, жүріңіз...

- Білем кабинетін, - деген Хамзаға бас изеген милиционер ерген жоқ.

Хамза есік ашқанда жылан жеген мысықтай қатып қалған, ұзын бойлы,

қоңқы мұрын Сивиридов ат шаптырым үстелдің басында шоқиып отырған қалпында бір саусағымен кір деген ишара жасады.

Хатшының үлкен үстелін қақ бөлетіндей жіңішке үстел есікке қарай салақтата қойылған екен оның айналасында ЦК-ның бөлім бастықтары жайғасыпты, Соның соңғы нүктесі болып Хамза тұра қалды да барлығына сәлемін жолдады. Мұның сәлемін қабылдағысы келіп отырған ешкімнің жоқтығын төмен түскен түнеріңкі қабақтарынан байқады. Тым-тырыс. Хатшы да бедірейіп отыр. Сәлден соң қаламын суырып қолына алған соң:

- Ал, Алашорданың соңғы қорғаушысы, сөйле, - деді миығында мысқылы бар күлкісімен оқты көзін тура қадап.

- Мен Алашордашы емес, кезінде Отанымды қаныммен қорғаған коммунистпін. Қазақтың құдіретті ақынының аруағын қорғағаным рас.

- Ол Алашорданың белсенді ақыны болды. – Хатшы зіркілдей сөйледі. – Коммунист қашан бандитті қорғаушы еді.

- Шәкерім «Алашорда» партиясында болған жоқ, оның басшыларымен таныс болғаны рас. Байтұрсынов та ақын. Қазақта ақын ақынды білмеуі мүмкін емес. Шығармашылық таныстықты идеялық көзқарасы бірдей деп қарауға болмайды.

- Онда неге оны банды деп атты? – деді бөлім басығы болып жүрген Асанов сұрақты Хамзаға қойғанымен хатшыға жалтандап.

- Ол кезде бірі ақ, бірі қызыл, бірі байды қорғап, екіншісі кедейді қорғап аласапыран болып жатқан кезде Шәкерім саясатқа араласқысы келмей Шыңғыстау ішіне жалғыз үй көшіп кеткен. Оның өзі бұл жайында:

Еш адамды қалдырмай қасыма да,

От пен су, өзім жүрем асыма да.

Елсізде жалғыз жатып жазу жазам

Қарамай келіп қалған жасыма да, - деп жазған өлеңінде.

Кешкіқұрым Шәкерім атына мініп, қырға шығып малын қарап тұрғанда Қарасартов өзінің отрядымен келеді. Ол «Бандыларды көрдің бе?» дегенде «Көргем жоқ, мал қарап тұрмын» деп жауап берген Шәкерімді «Сен мал қарап тұрған жоқсың, бандыларды шығарып салып тұрсың» деп атып өлтірген соң ешкім таппас үшін құдыққа тастап, үстін таспен жауып тастайды. «Шәкерім банды қытайға қашып кетті» деп акті жасайды.

- Фантазияң жақсы жұмыс істейді екен, Хасенов, «жолдас» деуге де қиналып тұрғаным.

- Азамат Хасенов деп айта беріңіз, сотталғандарды солай атап жатады ғой, мен оған намыстанбаймын.

- Құрметті полковник Қарасартовқа «Сотқа бермей-ақ қой, өзіміз талқылаймыз» дегенім дұрыс болмапты-ау. Сен коммунист емес, өзің қазақшылықтың шылауында жүрген ұлтшыл екеніңе әбден көзім жетті.

- Ұлттар арасындағы татулықты бұзатын мұндайларды қызметінен шығарып, қатарымыздан аластамасақ болмайды, - деді Асанов хатшыға

жаутаңдап, орнынан ұша тұрды.

«Үргенімен жағатын бұралқы ит сияқты немені жағынан бір сұртсем, онда сотталатыным ақиқат, итпен ит болмай-ақ қойғаным да дұрыс шығар» деп ойлаған Хамза өлексенің иісі мұрынына келгендей тыжырынғанымен үнсіз тұрды.

- Сенің ұсынысың дұрыс, - деді хатшы Асановқа иек қағып. – Баяғыда Торғай жаңа облыс болып ашылығанда Мәскеуден екі вагон партбел, бір вагон күрек жіберілген екен, қазақтарға партбел жетпей қалғанымен, ешкім алмаған күрек сол қалпында жатқан көрінеді. Соның бір күрегі бұған бұйыратын шығар, - деген хатшы сөзін отырғандар күлкімен қабылдады. – Қарасартовтан кешірім сұрайсың.

- Не деп кешірім сұраймын?! – Хамза шынымен таңырқады. - Ақынның ажалы сенен болғаны дұрыс екен, мені кешір, дейін бе? Әйтпесе екеуіміздің ешқандай бас араздығымыз жоқ.

- Сен адал коммунистке дене жарақатын салдың, бұл – бұзақылардың ісі. Ал, бұзақылық – қылмыс, қылмысқа қарсы қатаң жаза бар, білесің бе? Советтік әділ заң алдында бәріміз бірдей жауап береміз. Отан соғысының ардагерімін деп кеуденді қақпа, ол сыннан бүкіл совет халқы өткен. Ал, сен кеңес өкімтіне адал қызмет еткен адамды көшенің хулигандарынша сабайсың да одан қалай кешірім сұраймын деп қитығасың...

- Айдалада қарусыз қара шалды атып тастаған...

- Әй, саған сөйлеме дедім ғой, сөйлеме! Аузыңды жап та партбилетінді үстелге қой! – деді хатшы қалшылдап.

- Бастауыш ұйымға тапсырмаймын ба? – Қырыстанған Хамза жайбарахат аңқауси тіл қатты.

- Сен өзің Цеканың шаңырағында тұрғаныңды білмейсің бе? Коммунистің тағдыры осы үйдің қолында, біз шешеміз, қой мында!

Төс қалтасынан алған партбилетін бір сипап, аяғын нық-нық басып тура хатшының алдына апарып қойды. Содан кейін шығар есікке беттеді.

- Сен қайда барасың? – деді хатшы зіркілдеп.

- Менде сізге беретін басқа түк жоқ, Торғайда бос жатқан күрекке кетіп барам, - деді Хамза мысқылды жымыспен сабырлы қалпын сақтап.

- Ең болмаса мына отырғандардан кешірім сұрамаймысың – Хатшы түтеген ашуын сыртқа шығара алмай қыстықты.

- Құдай бәрін кешіреді дейді, бұлар Құдай емес, пенделердің кешу-шешуін қажетсініп тұрғамын жоқ. Өз басымыз аман болса, басқаларды үйтіп жесе де біздің шаруамыз жоқ деп отырған пақырлардың тірлігін күндемеймін, - деп есікті сыртынан жауып кете барды.

«Қадылбек ағайдың айтқаны дұрыс, құдыретті ақынды атқан адамның мұрнын бұзбай, партбилетті сақтап қалсам, қалай ел бетіне қараймын, намысқа жүгінбесең, ездiк жығынды қылады. Намысыңды таптатпау – ездiктi таптау. Күнкөріс қамында Қарасартовты естімегендей құлық танытып, партбилет пен

мансабымды сақтап қалуыма болатын ба еді? Онда мен қайтып адамша өмір сүрем? Бәрінің айтқаны - жөн, бірақ өзімдікі - дұрыс», - деп ұзын сонар ойына нүкте қойған Хамза Қызылордасына жетуге асықты.

- Қартайғанда жорға шыққан кәрібозым, аман жеттің бе? – деп Айша оны шымшыма әзілмен қарсы алды.

Жұбайының сөзінен-ақ бұлардың бәрінен хабардар екенін ұққан Хамза «жақсылық хабар жаяулап жете алмай жүргенде жаманат хабар жел қанатында жылдам таралып кететіні несі екен» деп ойлағанмен мән бермегендей:

- Келдік қой аман-есен, - деді күмілжіңкіреп.

- Алматыны құлатам деп шайқап-шайқап, өзің құлап қалғаныңды естідік. – Жұбайы сыңғырлай күлді. Осы күлкі шымбайына батқан Хамза:

- Табалаушы табылмай қала ма деп қорқып едім, көрпемнің астынан шыққаны жақсы болды ғой, - деп жазғыра қарағанда Айша да ыңғайсызданып:

- Іше алмасаң, арақта нең бар? – деді.

- Арақ емес...

- Еркектердің бәрі сол, «арақ емес» деп шыға келеді.

-Тыңдасаңшы, - деген Хамза болған жайды шып-шырғасын шығармай айта бастағанда Айша:

- Абайдың туысы, кемеңгер, ойшыл ақын Шәкерімді ме? – деді түсі сұрланып.

- Иә, сол Шәкерім, соны атып, сүйреп құдыққа тастаған Қарасартов маған мақтанып...

- Онымен еркектерше сөйлесе алдың ба? - деп жұдырығы түюлі Айша орнынан ұша тұрды.

- Мен де сөйттім, тура еркектерше мұрынын бет қылдым.

- Өй, молодец. Араққа тойып алған соң қонақүйде көшенің бұзақыларыңша біреулермен төбелесіп қалды ма десем. Сенің орнында мен болсам ол иттің бетін қос қолдап тырнайтын едім. Сенің партбилетке «тығылып» қалмағаның қандай жақсы. Көптеген еркектер мансабы мен партбилетін сақтаймын деп бейшара күйге түсіп, жүн жеп, жабағы тышып кеткеніне қояншығым ұстап, жынданатыным бар. Сенікі өте дұрыс. Менің шалым батыр деп текке мақтанып жүргем жоқ...

- Партбел мен партбилет тю-тю... – Ол қолымен ұшып кеткен белгі көрсетті.

- Ол Құдайдың бергені емес, адамдар өзі берді, өздері алды. Мен сенің қойныңа қызыл билетің үшін кіргем жоқ, адамгершілігің үшін өзімді сыйлағам. Сол сенімімді ақтап, менің алдымда туыңды жоғары ұстап қалдың. Менің ғана емес, ақынын сүйген қазақтың алдында туың жоғары. Қарасартовтың мұрнын бет қылсаң қазақ даласындағы заңғар тұлғалардың бірі – Шәкерім аруағы разы. Ақынды өлтіргенін мақтан көрген иттің кеудесін басқан менің шалымнан мықты жоқ, - деп еркелеген Айша күйеуінің мойнына асыла кетті.

- Менің шын қорғаушым сен екенсің ғой, періштем менің! – деп Хамза

талай жыл отасқан жұбайын жаңа көргендей құшағына алып, құшырлана сүйгенде өмірдің тәттілігіне тамсанды, жұптасып өмір сүрудің жеңілдігін біліп жаратқан Құдайға да шүкіршілік еткен.

Хамзаның түн ішінде еліне көшіп кеткенін ешкім білген жоқ.

Шабдар аттың үстінде партбилеттен қалай айрылғанына ой жүгірткен Хамза жолға қарамап еді, Ақмоншақ өзі бастап ауылға жетіп қалыпты. Үйінің жанындағы бұлаққа келіп жеңіл көлік тоқтағанын көргенімен кім екеніне мән бермеген Хамза атынан түсіп жатқанда:

- Апыр-ау, қасқыр қуғансың ба, Кәке, - деп Жұмабек жанына келді, шабдардың тер қатқан жүнінен байқап.

- Өй, насыбай үгейін деп манадан шоқпарымды таба алмай жүрсем, - деп үйден шыққан Айша іргеге сүйелген шоқпарына жармасты. – Құдай-ау, шоқпардың заманы өтіп еді ғой, мұнымен қайда барып жүрсің? – Ол шалына таңырқай қарады.

- Ассалаумағалейкум! – деген тосын дауысқа бірі сықсып, екіншісі сығырайып, үшіншісі ежірейіп қарап қалған, сәлем алу ойларына келмеген тәрізді.

- Мынау Манарбектің үйі ме? - деді бейтаныс жігіт.

- Манарбектің әкесі өлген жоқ, әлі тірі, міне тұр, осының үйі, - деді Айша қабағын шытып. – Біз өлген соң Манарбектің үйі болад та, көрге бірге алып кетпейміз.

- Кешіріңіз, апа, үлкен кісінің атын атағым келмей, Манарбек тұра ма деп сұрағым келіп еді, «үйі» деген сөздің қайдан аузыма түсіп кеткенін, - деп жас жігіт ыңғайсыздана тіл қатты. – Мен қазір сіздерді іздеген шешемді алып келейін... – Ол су жағасындағы жеңіл көлікке қарай жылдам басып жөнелді.

«Бұл кім болды» дегендей Хамза мен Айша бір-біріне сұраулы қараса Жұмабек бұл екеуіне қарап қалған.

Жеңіл көлік сыр етіп келіп бұлардың жанына тоқтады да жаңағы жігіт лып етіп шығып, артқы есігін ашты. Ішінен шыққан ақ жаулықты әйел дауыстай жылап Хамзаны құшақтай алды. Көрісіп жатқан әйелдің кім екенін білмеген Хамза оның бетіне үңілгенде Ақмоншақты жазбай танып: «Айналайын, Ақмоншақ, сені де көретін күн болады екен-ау» - деп құшағына құшырлана қысып, маңдайынан сүйді. Өзін жас баладай сезінген Хамзаның құлағы езуіне жетіп, құшағын жазғысы келмеген соң:

- Әй, Ақмоншағыңды құшағыңнан босатып, бізбен де көрістірсеңші, - деген Айшаның сөзінен кейін:

- Өне, көрдің бе, қатының қызғанып жатыр, шашымды жұлып қолыма бермей тұрғанда көрісейін, - деп күлген Ақмоншақ Айшамен құшақтасып, бір-бірінің бетінен сүйді.

- Шалды қызғанатын жастан өтіп кеттік қой, - деп езу тартты Айша. – Мал, басың аман жүрсің бе? Үйге кіріп әңгімелесейік... - Бұрын көрмесе де күйеуінен Ақмоншақ атын талай естігендіктен Айша ескі танысындай сөйлеп жатыр. - Ә, Жүке, үйге жүр... Жұмабек деген көршіміз, - деп оны таныстыруды да ұмытқан жоқ.

- Сен сонда Құсайынның ұлымысың? – деп сұрады Хамза бұлардан аулақтау тұрып, сырттай бақылауға көшкен жас жігітке жақындап.

- Иә, Құсайынның тұңғышымын, атым - Кәкен. Менен кейін Майдан деген інім бар, Алматыда тұрады.

- Жөн, жөн екен, - деген қарт жандарына келіп тоқтаған көліктен түсіп жатқан жігітті нұсқап: - Міне, біздің ұлымыз – Манарбек, - деді.

- Әй, Кәкен, сен қайдан жүрсің, аманбысың, - деп қос қолдай сәлемдескенде, Хамза таңырқап:

- Сендер бір-бірінді қайдан танысыңдар? – деді бұларға.

- Институтта бірге оқығанбыз, - деді Кәкен.

- Кәкен менен жоғары курста оқыды, Институт комсоргі болатын.

- Сен студент кезінде Қызыдорданыкімін деуші едің ғой.

- Мына кісілер, - деп Манарбек әкесін иегімен нұсқады. – Сол жақта қызметте болған.

- Әй, сен әңгімені қой, - деді Хамза баласына – қонақтың қамын ойла.

- Кеттім, әке, Қошқарсойғаннан әрі кете қоймаған шығар...

- Мектептен Алмашты алып ал. Буаз биідей шермендеп қой ұстаймын деп тұрсың ба сен? – деген әкесіне не дерін білмеген Манарбек жан-жағына жалтандады. Әйтеуір балалар жоқ екен. Олар мұны естісе бірден эфирге шығарады ғой.

- Жүр екеуміз әңгімелесіп барып келейік, - деді істің мән-жайын аңғарған Кәкен.

Бұлар кеткен соң Хамза есігінің алдында отырған Жұмабекке дауыстап:

- Әй, Жүке, жүр үйге кіріп, қонақпен әңгімелесейік, - деді.

- Қараң қалғыр, үйдің жұмысы бір бітпейді, - деп құйын үйіріп жеткен Шәмша Хамзаға қарап: - Бар, бар қонағыңмен әңгімелесіңіз, мен шайды қазір дайын қылам, - деп қолын сермелеп үйді нұсқаған соң самауырыңды екі айналып, екі жаңқаны салып жіберіп, екі қолын мықынына салып тұра қалды. Құлағына самауырынның ызыңдаған дыбысы жетті:

- Айттым ғой, мен қазір дайын қыламын деп, дайын қыламын. – Ол үйге кіріп кетті. Кейде жаңа түскен келіндей сызылып, кейде адуын енедей зіркілдеп, кейде қолынан түк келмейтін мүсәпір жандай мүсіреп қалатын Шәмшаның мінезіне әбден үйреніп алған көршілері сөзі кім, өзі кім деп көңіл аудармайды. Көңілі түссе көл, көңілі түспесе шөл адамның мінезін кім өзгертсін, сүтпен кірген сүйекпен кетеді.

- Шәй дастарханын жасап қойдым, - деп Шәмша кіргенде:

- Не дейді? – деп Айша Шәмшаға бұрылып, орнынан тұра берді. – Залға...

- Сыймай жатқамыз жоқ қой, залға содан кейін жасармыз, жолдан шаршап келген адам шайлап шөлін басып алсын деп... – Шәмша өзінің дұрыс істегеніне сенімділік білдірді.

- Жарайды, жарайды, дастархан қай жерге жайылса да ақ ниеттің айнасы. Шәйламасақ, басым да сынып тұр еді. – деп Ақмоншақ та орнынан көтерілді.

- Жә, сен қайдан жүрсің, Ақмоншақ? Құсайын екеуің қосылғаннан кейін құмға құйған судай із-тозсыз жоқ болып кеттіңдер, - деп Хамза білгісі келген жайды қозғады.

- Е-е, аласапыран заманда кім қайда кетпеді, кімнің басы қайда қалмады? Бәрі де алланың жазуы шығар. – Ақмоншақ кесесін түбінен бір қолымен шөкімдей ұстаған қалпында ішіндегі шайға телміре қарап отырды да ауыр күрсінді.

- Қайда болдық?

...Сол жолы ол өзіміздің ауылдан қатты ренжіп келді. «Жақанның адалдығын сен айтып, дәлелдемедің» дейді. Мен қалай айтамын, олардың маңына мені маңайлатпайды, мемлекеттік қауіпсіздік комитеті (КГБ) ұстаған адамын құпия ұстап, жанына милицияны жолатпайды. Олардың жауап алу тәсілі де басқаша. Олар азаптағанда өліп құтылудың оңай екенін түсінесің. Жақан қауіпсіздік қызметкерлерінің шынынды айт деп көрсеткен азабына шыдай алмай, «қылмыстымын» деп мойындаған. «Үштік» деген соттары бар. Солар үкім шығарады. «Қылмысын мойындады», бітті, атылып кетті, - деді Құсайын жыларман болып. – Ақмоншақ ауыр күрсініп, жаулығының ұшымен көз алдын сипап қойды.

- Астапыралла, Құсайын бізге келгенде Жақан о дүниелік болып кеткен екен-ау... Қайдан білейін, Құсайынды қылқындырып тастайтындай қызынып едім, - деп Хамза қозғалақтап қалды.

- Кім ол, кім? – деді елеңдеген Шәмша.

- Сен танымайсың, әңгімені бұзбай тыныш отыршы, - деп Жұмабек оған зілдене қарағанда:

- Қойдым, танымын ба дегенім ед, қойдым, - деп Шәмша жым болды.

- «Мен оның атылып кеткенін Хамзаға қайтып айтамын. Мемлекеттік құпияны аштың деп өз басыма пәле тағылатынын, бала емеспін, білемін. Қыстыққаннан не істерімді білмей дағдарып тұрғанымда Хамза «ұлтарак таққан» деді, соны сылтауратып, жиналысты жаппай, Хамзаға «көрсетемін» деп қоқан-лоққы жасап кеттім» - деді Құсайын. - Бірақ бала кезден тай-құлындай тебісіп бірге өскен жолдасыма жамандық жасап, маған не көрінді. Жақанды ойлап жылағым келіп тұрған соң жұртқа көрсеткім келмей тұра қашқаным.

Содан көп өтпей Семейден келген милиция қызметкері Құсайынға шекаралық аудан – Зайсанға жіберілетіндігін айтты. Оның өзі де «осы жақтан кетпесек бірдеңеге ұшыраймыз» деп қауіптеніп жүр еді, құланның қасынуына мылтықтың басуы дәл келгендей, көшіп кеттік. Онда бүгінгідей мәшін жоқ, параходпен жоғары Ертіс бойлап жүзіп, ат-арбаға отырып, үш-төрт күнде

Зайсанға жеттік.

Онда мен Хамзаға жүкті болатынмын.

- Не дейді? – Хамза дауыстап жіберді.

- О, тоба! – деді Айша.

- Оның несін жасырайын шермендеп әрең жүргем, - деп екеуінің таңданысына мән бермеген Ақмоншақ әңгімесін жалғастыра бермек еді, Хамза киіп кетіп:

- Кімнен екіқабат болдың? – деп төтесінен сұрады.

- Сенің бала кезіндегі аңғалдығың әлі қалмаған ба, - деп күліп алған Ақмоншақ сөзін жалғастырды. – Кімнен болушы еді, байым Құсайыннан.

- Біз «Хамзадан» деп естіп қалып... – деп Жұмабек қарқылдай күлгенде бәрі де қосыла күлді.

- Хамзаға ондай өнер қайдан келіпті... Екеуіміз бір төсекте ұйықтағанда құшақтап бетімнен сүйіп көрген жоқ қой. Өгіздей өңкиіп жүретін, - деп Ақмоншақ шалдың қытығына тие сөйледі. Хамза не дерін білмей қып-қызыл болып қызарып кетті.

- Жаман болса неге іздеп келдің? – деп Шәмша дүрсе қоя берді.

- Ағасының қорғаушысы бар екенін білмедік, - деп Ақмоншақ сықылықтай күлгенде барлығы қосылып кетті. Қонақ кемпірдің күлкісін байқаған Хамзаның:

- Адам қартайса да күлкісі өзгермейді екен-ау, - деп ашқан «жаңалығына» отырғандар тағы күлкі қосты.

- Сонымен Зайсанда тұңғышым – Хамза дүниеге келді. Жаңа өзімді осында алып келген бала.

- Ол «Кәкенмін» деді бізге.

- Кәкен - еркелеткен аты, құжатында Хамза.

- Өзің қойдың ба? – Шыдамсызданған қарт қонағынан көзін тайдырып кетті.

- Мен неге ат қояды екем? – Ақмоншақ таңдана жан-жағындағыларға қарады. - Әкесі Құсайынның өзі қойды. Мен қарсылық білдіріп едім, ол айтқанынан қайтпады.

- Сіз неге қарсы болдыңыз? – деп, өз көкейіндегі сұрақты қойған Жұмабекке ризалықпен бас изеген Хамза Ақмоншаққа ұмсына мойнын созды.

- «Мен Хамзаға өміріммен қарыздармын» деді Құсекең.

- Қалайша?! – деп Хамзаның өзі қатты таңырқап қалды. – Өмірімен қарыз болатындай мен не істеппін оған?

- Мен таудан құлағанда аман алып қалған Хамза болатын деді.

«Қайдағы тау» деп есіне түсіре алмай біраз отырған Хамза «Е-е» деп күлді.

Ауылдың балалары көктемгі жасыл тіршілік бел алған кезде күннің күркіреуін тосады. Жаңбыр жауып, күн күркіресе таудан жуа теріп жеуге болады. Күн күркіремей жуа жесең мұрыныңа жел түсіп, пұшық болып қаласың дейді үлкендер. Қай баланың пұшық болғысы келеді, күннің күркіреуін тосатын.

Бірде Құсайын ит қуғандай ентігіп Хамзаға келді.

- Жаңа күн күркірегенін естідің бе, жүр тауға кеттік, - деді аптығып.

- Естігемін жоқ, - деді Хамза кесек балалардың қомпылдай сөйлейтін дағдысымен. – Күн ашық, жаңбыр жауған жоқ...

- Кішкентай ғана себезгіледі, жел қуып, ашылып кетті, - деді Құсайын. – Әне, аналарды қарасаңшы...

Терезенің сыртында балалар жиналып қалыпты. Олардан қалатын емес, Хамза киіне бастағанда Құсайын жүгіріп шығып кетті, Хамзаның «тоқтасаңшы бірге шығайық» дегенін естімеген де шығар.

Қараторғайдай қаптаған қара борбайлар «мен бірінші таптым, мен бірінші жедім, мен сенен бұрын жеп қойғам» деп біраз даурығып алған балалар енді тау биігіне жамыраса өрледі. Кім биікке бірінші шықса сол биылғы жеңімпаз болады.

Тауға шыққанда Құсайынның «тайпақ» аты қалып, «ешкішек» аталатын. Ол тастан-тасқа секіріп, ең алдына түсіп кеткен. «Осыған несін таласады, мен де шығамын» деп қомпылдап қорбаңдап келе жатқан Хамза бақ еткен дауысқа жоғары қарағаны сол еді жартастың қабағынан құлап келе жатқан Құсайынды доптай қағып алды. Көзі алақтаған Құсайын Хамзаны құшақтап, бетінен сүйді.

- Әй, мен саған қызбын ба? – деп Хамза оны итере салды.

Жығылып бара жатып, қолын тіремек болғанда тошаланың тікені кіріп бақ еткен Құсайынды жауырынынан бір қолымен көтеріп алды. Аяғымен тұрған Тәйпақ Хамзаға:

- Мен сені қыз деп сүйгемін жоқ, тірі алып қалғаныңа алғысымды білдіріп бетіңнен сүйдім, - деді. – Оған несін ренжідің?

- Е-е, қайдан білейін, - деп қомпылдай күлді ол. – Еркектің сүйгені біртүрлі...

Бұлардың жанына жиналып қалған балалар ду күлді, екеуінің қайсысына күлгенін кім білсін.

- Сондай бір оқиға болған, рас, - деп мойындады Хамза.

- Содан ұлының атын Хамза қойды. «Бұл өңкіген Хамзаға тартса жолдастары мені мазақтағандай «тайпақ» деп мазақтамас» деп күлуші еді Құсекең. Қандай тар болса да «жақсы адамға бір кісілік орын бар» демей ме қазақ, Зайсанда тұрмысымыз жаңа арнаға ауып, бәрі де жақсы болып келе жатыр еді, ұзынқұлақ хабардан «Хамза да халық жауы болып ұсталып кетіпті» деп естідік. Содан Құсайынның ұйқысы бұзылды. «Оны көрсеткен мен деп ойлайды ғой, менің баяғыдағы сөзімді жұрт ұмытпаған шығар. Ұшқаныңды көрмей, жығылғаныңа жұдырығын төсейтін жұрт түрлі-түрлі қылып жеткізетін шығар. Бәрінен бұрын Хасен атамның қарғысына ұшырайтыным жаман болды-ау. Ол кісі мені Хамзадан кем көрмейтін, әттең ел жаққа бір барсам барлығынан кешірім сұрар едім деп жүргенінде соғыс басталып кетті. Жол қатынасы қиын болатын, одан әрі қиындай түсті.

Ол соғысқа аттанды. Майдан іште қалды. Аман-есен босанған соң атын

Майдан деп өзім қойдым. Қазір Алматыда тұрады. Майдан жолына қараумен менің күнім өтті, әкелерін күткен балалар ержетті.

Құсайын майданға аттанарда ел жаққа барсаң «Хамзаны іздестір, тірі болса менің кінәсіз екенімді айт, оны мен көрсеткенім жоқ, өлі болса ахиретте жолығармыз» деп аттанып еді. Соның аманаты мойныма қарыз болады-ау деп қартайған сайын қиналып жүр едім.

Балаларды өсіріп, кәрілерді қаусатқан уақыт шіркінге өкпелеп жүргенде Хамзаның тірі екенінен хабар алдым. Онда да газет қарап отырған келінім:

«Апа, мынау сіз айта беретін Хамза емес пе?» деді.

«Оның басы үлкен, андағы биттей газетіңе симайды» дедім маған әзілдеп отыр деп ойлағам.

«Отыз жылдан соң Хасенов Хамзаға» дегенді естігенде жүгіріп барып келіннің қолындағы газетті жұлып алдым.

«Апа, бермей қояды дедің бе? – Келінімді ренжіткенімді ұқсам да үндемедім.

«Мынаның қай жерінде жазылған? – деп газетті қайтадан келініме ұсындым. Арапша жазылғаны болмаса, орыс әріптерін танымаймын.

«Апам қызық» деген келінім Хамза туралы жазылған мақаланы түгел оқып берді. Мұны біліп алған соң менің тыншым кетті. Ауылдағы бала кезім елестеп, ұйықтасам түсіме кіріп, әбден мазасызданған соң ұлымның құлақ етін жеп, «апар, қашан апарасың, әкенің аманатын орындамасам о дүниеде екеуіміз кездескенде не бетімді айтамын» деп күнделікті күнкілдей берген соң амалсыздан жолға шықты. Бітпейтін не қылған жұмыс екенін білмеймін, күн шықпай кетеді, күн батырып келеді. Содан ұлымның қолы әрең босап, өздеріңізге дәм айдап жеткеніміз осы болды, - деп Ақмоншақ сөзін аяқтады.

Мектептен қайтқан Алмаш есіктен еркін ашып кірді де үстел басында көп кісі отырғанынан жасқанғандай тұрып қалып:

- Сәлеметсіздер ме? – деді оқушылық дағдысын сақтап, әйтпесе сөмкесін лақтара салып, атасы мен апасын құшақтайтын еді.

- Сау-саламатпыз, қызым, өзің амансың ба? – деді Ақмоншақ елден бұрын.

- Біздің кенжеміз, Алмаш деген қызым осы, - деп Хамза құшағын ашқанда ол бөтен кемпірге қараған қалпы атасының құшағына кірді.

- Алмаш, жақсы екен. Мен Зайсанға барғалы «Алка», «Алмаш» атанып кеттім. Ақмоншақ деген атымды құжатымнан көрген балаларым таңданған.

- «Ақмоншақ» менің атымның аты ғой, - деді Алмаш кемпірге қарап.

- Айналайын, сенің атың менен кейін туған. Сондықтан менің атымды сенің атың алып қойыпты, - деді кемпір оның басынан сипап.

- Жоқ, ол алған жоқ, менің өзім қойғам.

- Онда дұрыс қойған екенсің, бері келші, - деген кемпірге барар-бармасын білмей атасына қарады.

- Бар, бар апаңа бетіңнен сүйгіз, - деп итермеледі қарт.

Қойнына қолын салған Ақмоншақ ақ моншағын алып шығып, Алмаштың

мойнына тақты.

- Мынау менің бала кезімде таққан, атаңа жақсы таныс моншағым еді, саған сыйладым. Тең құрбыңның алды болып өс, - деп бетінен сүйді.

- Ата, бұл моншақты сен қайдан танысың? – деді Алмаш моншағын алақанына салып сипалап.

- Бұл моншақты қайдан білетінімді айтсам, апаң мені сабайды ғой, - деп атасы кемпіріне күле қарағанда шыдамсыз Шәмша:

- Сіз шынында ғашық болып көргенсіз бе? – деді Хамзаға шұқшиып.

- Қой, ойбай, - деп қарқылдай күлген шалға бәрі қосылды. – Аңқылдаған осы келінімдікі дұрыс...

Манарбек пен Кәкен кірді.

- Әкей, барлығы дайын. Тек, Кәкенді мен үйге алып кетейін, өздеріңіз еркін әңгімелесіңіздер, - деген Манарбекке:

- Мен де барам, - деді Алмаш.

- Ол үйдің тозықтары саған ұйқы брмейді ғой, - деді апасы.

- Барсын, - деді моншағын көрсетіп, бауырларына мақтанғысы келген қызын қостаған атасы.

Кәкен мен Алмашты Манарбек өз үйіне ертіп кетті де Хамза қонағымен, көршісімен қосылып, түнімен әңгіме соқты. Өткен өмір бір қозғалса түпсіз дариядай бірін-бірі кимелеп шыға береді екен ғой, таусылмады, тауысып болмайды екен. Шәй демдеуден Шәмша да жалыққан жоқ, бұлардың талай жылдардан бергі көрер таңды көзімен атырғаны осы шығар...